

● ПРЕЗИДЕНТ

ОРТАҚ ЖЕҢІСТІҢ САЛТАНАТТЫ ШЕРУІ



Бейжің сапарында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қытайдың милитаристік Жапонияға қарсы соғыстағы жеңісінің 70 жылдығына арналған шеруге қатысты.

Жеңіс шеруінен бұрын Мемлекет басшысы ҚКП жанындағы орталық партия мектебінде дәріс оқыды. Онда Елбасы қытай халқын милитаристік Жапонияға қарсы соғыстағы жеңістің 70 жылдығымен құттықтады.

– Қытайдың Екінші дүниежүзілік соғыстағы жеңіске қосқан үлесіне баға жетпейді. Қытай халқы көрсеткен төзімділік пен қайсарлық – қаһармандық пен ерліктің, батылдық пен патриотизмнің керемет үлгісі. XX ғасырдағы ең қанқұйлы соғысқа Қазақстанда да халықтың 25 пайызы жұмылдырылды. Олардың көпшілігі майдан шебінен оралмады. Солардың

қатарында қытай жерінде жан тапсырғандары да бар, – деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті дәріс оқу үшін ҚКП Орталық партия мектебіне кездейсоқ таңдау жасамағанын атап көрсетті.

– Мұндағы бүгінгі тыңдаушылар – Қытай компартиясының ертеңгі бағытын ұстанушылар. Сіздер – «қытай арманын» жүзеге асыру және ұлтты жаңғырту жолындағы алдыңғы лектің өкілісіздер. Өйткені, «Қытай өрлеуі» деп аталған ХХІ ғасырдағы бірегей құбылысты біз бірінші кезекте бүкіл өңірдің дамуы үшін қажетті мүмкіндік ретінде қарастырамыз, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Тарихи қысқа мерзім ішінде Қазақстан мен Қытай арасындағы тауар айналымы 337 миллион доллардан 22 миллиард долларға дейін өсті. Соңғы екі жылдың өзінде жалпы сомасы 70 миллиард доллардан асатын екіжақты

келісімшарттарға қол қойылды. Біз түрлі салаларда 250-ден аса үкіметаралық және ведомстволық келісімдерді бекіттік, – деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы «Бір белдеу, бір жол» бастамасына арнайы тоқталып, оны жүзге асыру үшін Ляньюньган портындағы логистикалық терминалды пайдалану, «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автокөлік жолының құрылысы, «Қорғас» халықаралық орталығын іске қосу сияқты қадамдар жасалғанын айтты.

– Біз 2014 жылдың желтоқсанынан бері индустриаландыру және инвестиция саласындағы ынтымақтастық аясын кеңейту жұмыстарын жүргізіп жатырмыз. Атап айтсақ, жалпы құны 30 миллиард доллардан асатын 48 инвестициялық жоба іріктеліп алынып, Қазақстан мен Қытай арасында индустриаландыру және инвестиция саласындағы ынтымақтастық туралы

меморандумға қол қойылды, – деді Мемлекет басшысы.

Осыдан кейін Қазақстан Президенті қытай халқының жапон милитаристеріне қарсы соғыстағы жеңісінің 70 жылдығына арналған салтанатты шеруге қатысты. Шеруге, сондай-ақ, түрлі елдер мен үкіметтердің 23 лидері, халықаралық ұйымдардың басшылары келді.

Салтанатты шеру барысында ҚХР әскерлерінің барлық түрі, жаңа әскери техникалардың үлгілері, сондай-ақ шетел қарулы күштерінің бөлімшелері Тяньаньмэнь алаңында сап түзеп өтті.

Шараға қатысқан әскерлер қатарында Қазақстан жауынгерлері де болды. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Аэроұтқыр әскерлерінің құрмет қарауылы ротасы шеруде жетінші болып сап түзеді. Олардың арасында ту ұстаушылар тобы және үш әскер түрі бар.

● САПАР

ШЫНЫ ЗАУЫТЫНЫҢ ӨНІМДЕРІНЕ сұраныс жоғары болады

Кеше облыс әкімі Қырымбек Көшербаев пен «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқарма төрағасы Қуандық Бишімбаев Қызылорда қаласында жылына 197 100 тонна шыны табақшасын өндіретін және өңдейтін зауыт құрылысының барысымен танысты.



Құрылыс «Титов» шағын ауданында орналасқан индустриялық аймақта жүргізіліп жатыр. Жобаның жалпы құны – 197 млн. доллар. Қаржының 80 пайызын «Қазақстан даму банкі» АҚ бөлсе, қалған 20 пайызын «Steward Engineers» АҚШ компаниясы мен «Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ инвестор ретінде қаржыландыруда. Жоба операторы – «OrdaGlassLtd» серіктестігі.

Облыс әкімі Қырымбек Көшербаев шыны зауыты аймақтағы ең ірі индустриалдық жобаның бірі екенін, ол өңірдің әлеуетінің артуына орасан зор үлес қосатынын атап өтті.

2-бет

ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТ СЕССИЯСЫ

Қызылорда облыстық мәслихатының кезекті 39 сессиясы 2015 жылғы 16 қыркүйекте сағат 11.00-де облыстық мекемелер үйінің (Сұлтан Бейбарыс к., 1) мәжіліс залында ашылады және сессияның күн тәртібіне мына мәселелер ұсынылады:

1. Облыс аумағында еңбек құқықтарының сақталуы жайы және оны жақсарту шаралары туралы.
2. “2015-2017 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы” Қызылорда облыстық мәслихатының 2014 жылғы 12 желтоқсандағы №236 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
3. Қосымша мәселелер.

Тұрақты комиссиялардың отырыстары 2015 жылғы 15 қыркүйекте сағат 15.00-де және бірлескен отырысы сағат 16.30-да басталады.

Облыстық мәслихат.

● КЕҢЕС

Ферроқорытпа зауыты Индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы аясында Қызылорда облысында жүзеге асырылатын жобалардың және аймақтағы металлургиялық кластерді қалыптастыратын өндірістің бірі болады деп күтілуде. Осы жобаны жүзеге асыруға қатысты алғашқы қадамдар да жасалып жатыр. Облыс әкімінің орынбасары Нұржан Әлібаевтың төрағалық етуімен өткен облыстық сәулет және қала құрылысы кеңесінде кешенді қорытпа шығаратын ферроқорытпа зауытының эскиздік жобасы таныстырылды.

ЖОБАЛАР ЖОЛДАМА АЛДЫ



ФЕРРОҚОРЫТПА ЗАУЫТЫНЫҢ ЖОБАСЫ

ҚР Минералдық шикізатты кешенді қайта өңдеу жөніндегі Ұлттық орталығы» РМК бас директорының орынбасары Мынжасар Айсұйытов зауытты Қызылорда қаласы «Титов» шағын ауданында орналасқан индустриялық аймақта салу жоспарланып отырғанын

жеткізді. Бөлінген аумақтың көлемі – 50 гектар. Жоба екі кезеңде жүзеге асырылмақшы. Жоспарлау барысында бірінші кезекте құрылысты салу үшін 31,2 гектар жер пайдаланылады. Екінші кезеңде 18,8 гектар жер игеріледі.

3-бет

МҰНАЙШЫЛАР МЕРЕКЕСІ

Кеше облыс әкімдігінде Қазақстан Республикасы Мұнай-газ кешені қызметкерлерінің күніне арналған салтанатты жиналыс болып өтті. Мерейлі мерекеде Сыр өңірінен қара алтын өндіріп жатқан мұнай компаниялары мен сервистік кәсіпорындардың басшылары мен қызметкерлері, еңбек озаттары қатысты.

Облыс әкімі Қырымбек Көшербаев мұнайшыларды төл мерекесімен құттықтап, сөз сөйледі.

– Мұнай өндіру облыс экономикасы тайказанының негізгі бөлігін толтырып отырған сала. Бүгінгі күні облыс аумағында 23 мұнай компаниясы жұмыс жасаса, оның 10-ы өндіруші болып табылады. Екі компания сынама пайдаланумен, 11 компания көмірсутегі шикізатын барлаумен айналысуда. Облыстың мұнай компаниялары аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуындағы міндеттерді шешуге белсенділікпен атсалысып келеді. Соңғы жылдардың өзінде өңірімізде қаншама шаруа атқарылып, биік белестер бағындырылды. Соның бірер мысалына тоқталар болсам, биылдың өзінде 19 мектеп пайдалануға берілді. Ал орта және шағын

бизнесті қолдауға 11 млрд теңгеден астам қаржы жұмсалды. Биылғы жылдың алты айында 5 жарым мың тұрақты жұмыс орны ашылды. Облыста өткен жылмен салыстырғанда, құрылыс көлемі 3 жарым есеге, өңдеу өнеркәсібі 17 пайызға өсті. Салық жинау бойынша бірінші орынға шықтық. Ауыл шаруашылығы қарқынды дамуда. Қазіргі тағдарыс жағдайына қарамастан, халықаралық қаржы институттарынан 300 млрд теңгеден астам қаржы облысымызға инвестиция ретінде тікелей тартылуда. Жалпы, кез келген саланың маңызы зор, десек те, мұнай-газ саласы Тәуелсіздіктің нағыз тірегі деуге болады, – деді облыс әкімі.

Салтанатты шарада еңбегімен еленген мұнайшылар түрлі марапатқа ие болды. Атап айтсақ, оларға ҚР Энергетика министрлігінің



«Мұнай-газ кешенің дамытуға қосқан үлесі үшін» медалі, «Мұнай-газ саласының еңбек сіңірген қызметкері» төсбелгісі, Мұнай-газ саласын дамытуға қосқан үлесі үшін Құрмет грамотасы және алғыс хаты, Қызылорда облысы әкімінің Құрмет грамотасы және алғыс хаты табыс етілді.

Дәурен ОМАРОВ,
Бағдат ЕСЖАНОВ (сурет).

“АБАЙ” СПЕКТАКЛІ САХНАЛАНДЫ

Н.Бексжанов атындағы қазақ музыкалық драма театрының жаңа маусымы Ерсайын Төлеубайдың “Абай” трагедиясымен ашылды.

Бұл пьеса 1940 жылдан бері сахналанып келеді. Алайда, бүгінгі қойылым бұрынғы үлгіден мүлде бөлек. Жаңа көріністе акынның 50-ден асқан шағында өз ортасынан орын таппай, ауыр оймен іштей езілген кезі суреттеледі. Тағдыры трагедияға толы Абайдың араға алты ай салып балалары көз жұмады. Мыңмен жалғыз алысқан ұлы акынның азапты сәттері сахнада айқын көрсетілген.

Спектакльдің режиссері – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Хұсейін Әмір-Темір. Басты рөлді сомдаған Бақытбек Темірбеков өзінің актерлік шеберлігімен көрермендердің көңілінен шыға білді.

Қойылымды жұртшылықпен бірге аймақ басшысы Қырымбек Көшербаев та тамашалады.

Кенжетай БАЛҒАБАЙҰЛЫ.

Сәрсенбі күні облыс әкімі Қырымбек Көшербаев «Жергілікті қамтуды дамыту» қауымдастығы мүшелерімен алғашқы кездесуін өткізді. Жиынды ашқан аймақ басшысы бүгінде қазақстандық қамту айрықша маңызға ие болып келе жатқанын атап өтті.

БИЗНЕСТІ ӘРТАРАПТАНДЫРУ– ҚИЫНДЫҚТАН ШЫҒАР ЖОЛДЫҒ БІРІ

Шын мәнінде ол Қазақстанның технологиялық және индустриалдық-инновациялық даму деңгейінің көрсеткіші іспеттес. Өткен жылы еліміздің мұнай-газ компаниялары 3 трлн теңгеден астам қаржыға тауарлар мен қызметтерді сатып алған. Ал оның 55 пайызын қазақстандық қамту құрады. Бұл бес жыл бұрынғы көрсеткіштен екі жарым есе артық. Қызылорда облысындағы мұнай-газ компанияларының 2014 жылғы жалпы сатып алу көлемі 208 млрд теңге болса, оның ішінде қазақстандық қамту тауарлар бойынша 55 млрд теңге (31 пайыз), жұмыс – 55 млрд теңге (83 пайыз), қызмет 108 млрд теңге (91 пайыз) болды. Облыс басшысы көрсеткіштердің жаман емес екенін, бірақ әлі де жеткілікті деп санамайтынын атап өтті.

Қырымбек Елеуұлы қазақстандық қамтуды дамыту отандық бизнесті қолдаудың негізгі бір бағыты саналатынына назар аударды. Осы орайда, біз жергілікті қамту мәселесін көтереміз керек деді. Демек, мұнай-газ және тау-кен өндіру саласындағы барлық жұмыстың, қызметтің және тауарлардың басым бөлігін Қызылордалық компаниялар көрсетуі керек. Бұл жұмыс орындарын сақтауға және қаржының жергілікті жерде қалуы үшін қажет.

Әйтсе де, бүгінгі әлемдегі болып жатқан ахуалдың біздің мұнай өндірісіне де теріс әсерін тигізіп отырған жағдайы бар. Соңғы жарты жылдың өзінде жұмыс көлемі едәуір қысқарды. Бұрғылау жұмыстары 80-90 пайызға, ұңғымаларды жөндеу орта есеппен 50 пайызға азайып отырса, барлау жұмыстары тоқтап тұрған жайы бар.

– Мұнай сервистік компаниялардың бұдан әрі жергілікті жерден көлемді тапсырыс алуға мүмкіндіктері болмайды. Бәріміз жақсы білетіндей, өңірімізде мұнай қоры азайып барады. Демек, жұмыстар көлемі де төмендей түседі. Сондықтан сырттан тапсырыс іздестіру қажет. Мысалы, «Жанрос Дрилинг» ЖШС халықаралық нарыққа шығып, Солтүстік Африкадағы Алжир мемлекетінде жұмыс жасайтын болады. Басқалар да осы компаниядан үлгі алу керек, – деді Қ.Көшербаев. Облыс әкімі сонымен бірге «Норт Каспиан Оперейтинг Компани Б.В» компаниясы басқарушысы директорының орынбасары Жақып Марабаевпен сөйлескенін жеткізді. Ол біздің облыс делегациясын қабылдауға және қолдау көрсетуге дайын.

Мұнан кейін сөз алған Қызылорда облысы Кәсіпкерлер Палатасы Өңірлік кеңесінің төрағасы Асқар Махамбет

тов мұнайгаз секторына қызмет көрсету саласы облыс бизнесінің маңызды бір бөлігі саналатынын, сондықтан оның жағдайы жергілікті Кәсіпкерлер Палатасының үнемі бақылауында екенін тілге тиек етті. Мұнда дағдарысқа қарсы штаб құрылған, мұнай-газ саласына үнемі мониторинг жүргізіліп отырады және жұмыс орындарын қысқарту мәселесі туындағанда шұғыл шаралар қарастырады. «Жергілікті қамтуды дамыту» Қауымдастығы Кеңесінің төрағасы Иса Әлтаев өз сөзінде қауымдастық 2015 жылдың наурыз айында құрылғанын атап өтті. Қауымдастықтың негізгі мақсаты отандық мұнай сервистік компанияларды біріктіріп, осы саладағы өзекті мәселелерді бірлесіп шешу. Қауымдастық құрамында тауарлар, жұмыстар және қызметтерді жеткізуші 40 отандық компания тіркеліп отыр. «Фрак Джет» ЖШС қаржы директоры Аслан Орынғалиев мұнай сервистік компаниялар қызметінің өзекті мәселелерін ортаға салды. Негізгі проблемаларға жер қойнауын пайдаланушылардың сатып алу көлемін төмендетуі, оның ішінде тауар, жұмыс және қызмет бағаларын төмендету бар, тауар жеткізушілермен болған келісімшарт талаптарын уақыттылы орындамау, сатып алуға ашықтықтың болмауы мен басқаларға артықшылық жасау секілді көріністер жатады.

Облыс әкімі Қ.Көшербаев мұнай сервис компанияларында отыз бес мыңнан астам адам жұмыс істейтінін атап өтті. Ал оны отбасындағы бес адамға көбейтсе, жүз сексен бес мың адам болып шығады. Міне, мұнай сервисі бизнесіне осынша тұрғын тәуелді болып отырғанда бұған немқұрайлы қарауға болмайды. Сондықтан да кәсіпкерлеріміз бизнестің басқа салаларына да бет бұрғаны абзал. Қырымбек Елеуұлы бизнесті әртараптандыру қиындықтан шығудың бірден-бір жолы екеніне қатысушылар назарын аударды. Аймақ басшысы облыста жаңа өндіріс түрлерін өркендетуге бағытталған жұмыстардан мысал келтірді. Шыны зауыты құрылысы жүріп жатыр, басқа да жобалар жүзеге асырылуда. Асыраушы салада мүмкіндіктер жетіп артылады. Соңғы үш жылда өңдеу саласындағы өсім 62 пайызға жетіп отыр. Мұның өзі өңір экономикасын әртараптандырудың нақты көрінісі. Сондықтан болашақтағы жағдайларды ескеріп, өндірісті әртараптандыруға қадам жасау керек деді облыс басшысы сөзінің қорытындысында.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.

ШЫНЫ ЗАУЫТЫНЫҢ ӨНІМДЕРІНЕ СҰРАНЫС ЖОҒАРЫ БОЛАДЫ



– Елбасының тапсырмасына сәйкес, «Бәйтерек» холдингімен бірлесе отырып, осы зауыттың құрылысына кірісіп кеттік. Өздеріңіз білетіндей, бұл индустриалды-инновациялық жоба, өнімнің экспорттық әлеуеті өте жоғары. Холдинг шақыруы бойынша құрылыс жұмысына АҚШ, Финляндия, Германия, Италияның маңдайалды компаниялары келді. Ол үшін Қызылорда қаласындағы индустриалық аймақтан 50 гектар жер бөлінді. Келісім бойынша, құрылыс алаңына негізгі инженерлік инфрақұрылымдарды тарту – біздің міндетіміз. Бұл жұмыс қарқынды жүруде. Зауыт құрылысы 2017 жылы аяқталып, іске қосылғанда Сыр өңірінің әлеуеті артуына зор үлес қосары сөзсіз. Сонымен бірге біз болашақта жұмыс істейтін мамандар мәселесін шешумен де айналысып жатырмыз. Облыс әкімдігі Ресейдің Мәскеу және Санкт-Петербург техникалық жоғары оқу орындарымен келісімшарт жасасып, сырбойылық жастарды оқытуда. Солардың ішінен осы зауытқа қажетті инженер мамандарды дайындаймыз, – деді облыс әкімі Қырымбек Елеуұлы.

Ал Қуандық Бишімбаев зауыттың құрылысына азкем тоқталды.

– Құрылыс жұмыстарының басталғанына төрт айдан асты. Мұнда жүзге жуық жұмысшы еңбек етуде, 20 шақты техника жұмылдырылған. Қазіргі таңда дайын өнімдер қоймасының іргетасы қалануда, алдағы аптада ғимараттың құрылысы басталады. Сондай-ақ, зауыт жұмысшылары жер қазу жұмыстарына кіріседі. Құрылыс жұмысы біздің назарда, облыс әкімдігі де қатаң бақылауда ұстайды, – деді Қ.Бишімбаев.

Аталмыш қойманың ұзындығы – 300 метр, ені – 150 метр. Зауыттан тәулігіне 600 тонна шыны шығады. Сондықтан мұнда 3-4 күндік өнімді сақтауға мүмкіндік беретін үлкен қойма қажет. Бұл бөліктегі негізгі жұмыстар аяқталған бойда, құрылыс алаңының ішіндегі темір жол жүргізу ісі қолға алынбақ.

Құрылыс алаңындағы жүзге жуық жұмысшының еңбектеріне сай, жайлы жағдай қарастырылған. Арнайы вахталық қалашық жасалып, 20 вагон әкелініп қойылды. 3 асхана, медициналық көмек көрсету бөлмесі де бар. Құрылыс ауқымы кеңейген кезде 300 адам жұмыс жасайтын болады. Ал зауыт толық іске қосылғанда тұрақты 350-400 жаңа жұмыс орны ашылмақ.

Қуандық Бишімбаевтың айтуынша, Қазақстанда табақ шыны өндіретін алғашқы «OrdaGlass» зауыты құрылыс жүргізумен қатар дайын өнімді өткізу нарықтарын іздестіруге кірісіп кетті. Нәтиже жаман емес. Қазір «OrdaGlass»шыны зауыты үш бірдей қазақстандық кәсіпорынмен келісім жасасып отыр. Атап айтсақ, «BI Holding» компаниясы, Қазақстанның құрылыс салушылар қауымдастығы және «Дана» фирмасы.

– Шыны зауытының өнімдеріне сұраныс жоғары болады. Алдын ала нарыққа талдау жасағанда, Орталық Азиядағы бірде

бір шыны зауыты халықаралық стандарттарға сай салынып жатқан Қызылордадағы өндірістің деңгейіне жете алмайтынына көзіміз жетті. Қырғызстандағы ескі шыны зауыты да сұранысқа толық жауап бере алмайды. Сондықтан бізде зауыт іске қосылғанда өнімді өткізе алмай қаламыз деген қорқыныш жоқ деуге болады. Оның үстіне, өндірістің техника-технологиялық жабдықтары мен қондырғыларын жеткізушілер – әлемге танымал америкалық, германиялық, италиялық компаниялар. Бұл зауыттың бір ерекшелігі, мұнда энергия үнемдейтін де шыны шығарылады. Сол себепті, өнімдердің әлемдік ең жоғарғы стандартына сай болатынына күмән жоқ. Сарапшылар кәсіпорын тауарларын Ресей Федерациясы, Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан, Түркіменстан, Қырғызстан және Үндістан нарығы сатып алады деп жоспарлап отыр. Жалпы, келешекте зауыт өнімдерінің 70 пайызы елімізде салынатын әрбір нысанның бір бөлігіне айналмақ, – деген Қуандық Бишімбаев өндіріс болашағы жайлы тарата айтып берді.

Қазіргі таңда еліміздегі құрылыс компаниялары шыны өнімдерін Ресей мен Қытай мемлекеттерінен сатып алуға мәжбүр болып отыр. Кәсіпорын толық қуаттылыққа көшкен кезде өнімнің бірнеше түрін, атап айтқанда, табақша шыны, энергия үнемдегіш әйнек, айна, ламинатталған әйнек, шыңдалған және окшауланған әйнектер шығарады. Шыны өндірісіне қажетті шикізаттың 95 пайызы жергілікті жерден. Яғни, Арал ауданының кварц құмы, доламит пен әк тасы пайдаланылады. «Біздің АҚШ-тық әріптестер Аралдың кварц құмын әлемдегі ең сапалы шикізат екенін мойындап отыр», – дейді Қ.Бишімбаев. Тек сырттан келетін кальцийлендірілген сода шикізатын болашақта «Аралтұз» АҚ-мен бірге отырып өңірімізде өндіру жоспарлануда. Қосымша қоспалар Қазақстанның басқа облыстарынан, Ресейден, Қырғызстаннан және Өзбекстаннан тасымалданады.

Еліміздің және әлемнің ірі инвесторлары мен кәсіпорындарының белсене атсалысуымен салынып жатқан Орталық Азиядағы бірегей шыны зауыты Қазақстанның, оның ішінде Сыр өңірі экономикасының өрлеуіне оң ықпал ететіні анық. Халық та осындай ірі жобалар жүзеге асып, өндіріс орындарының ашылғанын жылы қабылдайды. «Шыны зауытының құрылысы басталады» деген жаңалыққа үлкен үміт артқан қызылордалықтардың бірі Нұрберген Құдасов бүгінде зауытта монтаждаушы болып еңбек етуде.

– Шынына келсек, шыны өндірісі біздің қалада қолға алынғанына қуаныштымын. Қазірдің өзінде қаншама жұмыс орны ашылып отыр. Келешекте Қызылорда шыны бұйымдарымен Қазақстанға танылып, әлемге әйгілі болады деп ойлаймын, – деп ағынан жарылды Нұрберген.

Дәурен ОМАРОВ,
Бағдат ЕСЖАНОВ (сурет).

● СЕМИНАР

ЖАТ АҒЫМНАН АУЛАҚ БОЛУҒА ШАҚЫРДЫ

Кеше Қорқыт ата атындағы ҚМУ-дың Студенттер сарайында облыс әкімінің орынбасары Рауан Кенжеханұлының қатысуымен жастарды діни-экстремизмнен сақтандыруды көздеген семинар өтті. “ҚР ҰҚК ардагері” қоғамдық бірлестігі ұйымдастырған шараның басты мақсаты – жастардың діндегі түрлі теріс ағымдар жетегінде кетуіне жол бермеу. Жиын барысында жат ағымның құрбанына айналып, Сирияда адасып жүрген жастар жайында бейнеролик көрсетілді.



Семинарды облыс әкімінің орынбасары Р.Кенжеханұлы жүргізіп, “ҚР ҰҚК зейнеткерлері” қоғамдық бірлестігінің төрағасы, генерал-майор Тұрсын Айжолов “Қазақстан – 2050 стратегиясы және ұлттық қауіпсіздік” тақырыбында баяндама жасады. Бірлестік мүшесі У.Қабышев мұсылман дініндегі теріс ағымдардың дендеп кетуін болдырмау жайлы пікірін білдірді.

– Адам өміріндегі жақсылық, ізгілік, мейірімділік сияқты жақсы қасиеттердің барлығы дінмен тығыз байланысты. Өкінішке орай, кейбір жағдайларда ақылға қонбайтын қатыгездік те дінмен түсіндіріліп жатады. Оның дәлелі – дүние жүзінде болып жатқан келенсіз оқиғалар. Осыған байланысты жастардың адасуына жол бермеу мақсатында түсіндірме жұмыстарын жүргізуге мемлекет болып көңіл бөлуде. Бүгінгі басқосу соның бір дәлелі, – деді Р.Кенжеханұлы.

“ҚР ҰҚК зейнеткерлері ҚБ мүшелерінің айтуынша, Сирияның өзінде жат ағымның жетегінде кеткен 300-ге жуық жас соғыста жүр. Адамдардың рухани санасының улануына тұрмыстық жағдай әсер етті деу қиынсыз. Өйткені, осы Сириядағы азаматтардың көпшілігінің әлеуметтік жағдайы орташа болса, кейбірі тіпті ауқатты отбасынан шыққан.

Батыстан келген экстремизм ұғымы үрей туғызу деген мағынаны білдіреді. Осы бағытта жастардың санасын улап, оларды теріс ағым жетегіне сүйрейтіндер Құран сөзін бұрмалап жүр. Уағыздарының дені жалған сөздер. Психолог мамандардың айтуынша, адамдардың санасын улап, өз жолынан тайдыруға осы да жеткілікті. Біздегі жазасын өтеушілердің көбісі әлі де өзінікін жөн санайды. Оларға жүргізілген түсіндірме жұмыстары кезінде 20 азаматтың біреуі ғана өзінің адасқанын айтады. Мамандар рухани қателікке барудың басты себебі, білімнің жеткіліксіздігі дегенді алға тартады. Жат ағымда жүрген жандардың кейбірінің намазға келгеніне жыл да толмаған.

Семинар соңында рухани азық алған жастар өз ойларымен бөлісіп, жауапты мамандардан сұрақтарына толымды жауап ала білді.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ.

ЖОБАЛАР ЖОЛДАМА АЛДЫ

Жалпы құны 228,2 млн теңгені құрайды. Зауыттың бірінші кезеңінде жылына 42 мың тонна арнайы және кешенді ферросилиций қорытпасын алады. Екінші кезеңінде 120 мың тонна қорытпа алу көзделіп отыр. М.Айсауытов зауыт жобасы ҚР Президентінің тапсырмасына сәйкес Қызылорда облысында тау-кен металлургия саласын дамыту жөніндегі металлургиялық кәсіптерді дамыту жоспары бойынша әзірленгенін атап өтті.

Аллюминий төмен ферросилиций өндірісі үшін қажетті шикізат Қызылорда облысындағы кен орындарының кварцит құмдары және аймақтағы ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының құрш өндірісі қалдықтарынан алынатын кремний көміртегі болып есептеледі. Құрш қалдықтарын пролиздеп өңдеу қондырғылары зауыт құрамында болады. Зауыт аумағында балқыту, жөндеу-механикалық, электродтар царгасын жасау цехтары, әкімшілік және тұрмыстық ғимараттар, авто және теміржол бақылау-өткізу пункттері мен басқа да нысандар салу көзделген. Зауыт аумағында қауіпсіздік, экологиялық және санитарлық-гигиеналық талаптар толық қарастырылған. Құрылыс 2016 жылы басталып, 2019 жылы аяқталады деп жоспарлануда. Жоба толықтай жүзеге асқанда 620 жана жұмыс орны ашылады.

Кенес мүшелерінің назарына «Toyota» дилерлік орталығының эскиздік жобасын ұсынған «Автодом-Қызылорда» ЖШС құрылтайшысы Ғ.Ахметов нысанда әуежай жолында орналастыру көзделіп отырғанын жеткізді. Жоба мақсаты – жана «Toyota» автокөліктерін сатуды, автокөліктерге кепілдікті сервистік қызмет көрсетуді ұйымдастыру және түпнұсқа қосалқы бөлшектер саудасын жүзеге асыру. Нысан құрылысы 2016 жылы басталады. Н.Әлібаев «Toyota» әлемдік бренд саналатындықтан құрылысты ұзаққа созбайды деген сенімде болатынын айтты.

Сәулет-кала құрылысы кеңесі мүшелері мұнан бөлек «Батыс Еуропа-Батыс Кытай» автодәлізі бойында орналасатын бірқатар жол бойы кешендерінің жобаларымен танысты. Олардың қатарында «Sinooil» және «Бекжан ЖШС-ның, жеке

кәсіпкер Б.Нұрымбетовтың – Қызылорда қаласында, жеке кәсіпкер М.Басқожаевтың Жаңақорған ауданында, жеке кәсіпкер Г.Жұмағазиеваның Арал ауданында салынатын жол бойы кешендері бар. Кеңесте бұл нысандарға келетін инфрақұрылымдық желілерді кәсіпкерлер өздері жеткізуі керектігі және құрылысты ұзаққа созбауы жайлы ескертілді. Кәсіпкерлер тарапынан рұқсат алуға көп уақыт кететініне шағым айтылды.

Мемлекеттік қала құрылысы кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесін жасау республика аймақтары арасында Қызылорда облысында бірінші болып қолға алынды. Бұл туралы айтқан «Геоинфо» ЖШС директоры Владимир Цымбал бүгінгі күні аталмыш жүйелер Жаңақорған, Шиелі және Қармақшы аудандары бойынша құрылғанын жеткізді. Ол берілген тапсырмаға сәйкес осы аудандар бойынша 26 қабаттан тұратын 1:100000 масштабтағы, ал елді мекендер бойынша 67 қабаттан тұратын 1:2000 масштабтағы электронды карталар жасалғанын мәлімдеді. Электрондық карталардан қажетті барлық мәліметтерді – аудандардың, елді мекендердің шекараларынан бастап, инфрақұрылымдық желілер, жылжымайтын мүлік нысандары, тарихи-мәдени ескерткіштер, әлеуметтік нысандармен қатар дария деңгейі көтерілгенде су алатын аумақтарға дейін табуға болады.

Облыс әкімінің орынбасары мұндай электрондық карталар облыс орталығы мен аудандар бойынша жасалып біткенін, енді 2016 жылы бүкіл облыс картасын аяқтау қажеттігін айтты. Дайын болған барлық ақпараттық жүйелер облыстық ситуациялық орталықта жұмыс жасап тұруы тиіс. Ал кәсіпкерлердің жобалары бойынша мәселелерін шешуді ұзаққа созбау туралы мамандарға қатаң ескертті. Сонымен бірге, бүгінге дейін үлкен жол бойынан нысандар салуға 37 жобаға рұқсат берілгенімен, қазіргі таңда 7-ін ғана құрылысы жүріп жатқанын жеткізді. Н.Әлібаев тиісті мекемелердің арнайы тексеру жүргізіп, жобаларын іске асырмайтындардың жер учаскелерін қайтарып алу туралы тапсырма берді.

Ы.ТҰРЛЫҒҰЛОВ.



Бейсенбі күні Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінде Қазақ хандығының 550 жылдық мерекелік шарасына дайындық барысына арналған баспасөз мәжілісі болып өтті.

МЕРЕЙТОЙҒА ДАЙЫНДЫҚ ӨЗ ДЕҢГЕЙІНДЕ

Жиынға ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет және өнер істері департаментінің директоры Актоты Райымқұлова, Астана қалалық мәдениет басқармасының басшысы Болат Мажағұлов, “Астана опера” мемлекеттік опера және балет театрының директоры Төлеубек Әлпиев, КСРО халық артисі Асанәлі Әшімов, “Қазақ әуендері” акционерлік қоғамының президенті Асхат Маемеров қатысып, мерекелік шаралар туралы кеңінен әңгімелеп берді.

Ел өміріндегі бұл айтулы оқиға алдағы жұма, 11 қыркүйекте Астана қаласындағы “Барыс” мұз айдыны сарайында “Мәңгілік Ел” атты театрландырылған концертпен басталады. Шараның мақсаты – жұртшылықты Қазақ хандығының қалыптасу жолымен таныстыру және оның тарихи ролін ашу.

Мерекелік қойылымда қазақ елінің тарихы мен қазіргі заманауи келбеті жеті тарау арқылы сахналанды. Әрбір тарауда еліміздің халық болып дамыған, ұлт болып қалыптасқан тарихи кезеңдері ән-күй, жыр-терме, хор және хореография секілді әр түрлі жанрлар арқылы қамтылады.

Айталық, “Тарих толқынында” деген бірінші тарауда қазақтың көне әуендері мен халық әндерінің негізінде жазылған композитор К.Дженкинстің “Туған жер” хореографиялық композициясы шалқар даланың қасиеті мен халықтың болмыс-бітімін пластика тілімен суреттейді.

“Ұлы дала елі” аталатын келесі тарау үш көріністен тұрады десек, оның алғашқысында ұлы ата-бабаларымыз сақтар, сарматтар, ғұндар тайпалары туралы көрініс көрсетіліп, Т.Мұхамеджанов пен Х.Шанғалиевтің

“Сақтар” музыкасына қойылған қойылымда сол ғасырдағы өмір тіршілігін көз алдымызға келтіреді. Бұл көріністің шарықтау шегі – алаңда “Алтын адамның” пайда болуы. Келесі көрініс көрермендерді V-IX ғасырлардағы Түркі қағанаты дәуіріне жетелесе, соңғы көрініс “Жібек жолы. Дала ғұламалары” деп аталады.

“Қазақ хандығының құрылуы” тарауында Шыңғысхан дәуірі, Алтын орда, Көк орда, Ақ орда туралы мағлұмат беріліп, “Хан көтеру” көрінісі сахналанса, қазақтың үш биі туралы поэзия тілімен баяндалады. Ал “Дала ренессансы” тарауында Сүйінбай, Абай, Шоқан, Құрманғазы сияқты ұлы тұлғалар туралы баяндалып, 500 домбырашының орындауындағы Құрманғазының “Сарыарқа” күйі арқылы ел тарихынан бір үзік сыр жеткізіледі.

“XX ғасыр” тарауында Қазан төңкерісі сахна төріне қызыл кірпіштен жасалған қабырғадағы бейнесуреттермен жеткізіліп, ашаршылық пен репрессия туралы тарихи мағлұматтар көрініс тапса, Ұлы Отан соғысындағы сұрапыл жылдар, тыңайған жерлерді игеру кезеңі хореографиялық композиция арқылы көрсетіледі.

“Тәуелсіздік” және “Мәңгілік ел” аталатын соңғы қос тарауда ұлы дала халқының жаңа жарқын өмірі паш етіледі.

Концертке еліміздің “Наз”, “Салтанат”, “Туған жер”, “Рухсара”, “Жорға”, “Шалқыма”, “Алтынай”, “Ақ жайық”, “Аққу”, “Көк түріктер” ансамбльдерімен қоса, Түркия, Әзірбайжан, Өзбекстан, Қырғызстан мемлекеттерінен келген би ансамбльдері, барлығы 2,5 мыңнан астам өнерпаздар қатысады деп күтілуде.

Бактыбай БЕРДІБАЕВ.

ЖАНАРМАЙ БАҒАСЫН НАРЫҚ РЕТТЕЙДІ

Бұл туралы кеше Орталық коммуникациялар қызметіндегі баспасөз мәслихатында ҚР Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Бақытжан Сағынтаев мәлім етті.

– Бүгінгі Үкімет отырысында қаралған мәселе кейбір жанар-жағармайдың түрлеріне бағаны мемлекеттік реттеуден бас тартуға байланысты болды. Осы жөнінде Энергетика министрлігінің баяндамасы тыңдалып, соған сәйкес Үкіметтің тиісті шешімі қабылданды, – деді ол.

Б. Сағынтаевтың айтуынша, Үкімет бензин тапшылығын болдырмас үшін АИ-92/93 бензині бағасын мемлекеттік реттеуден бас тартып отыр.

Қазақстан бұрындары жетпейтін бензинді Ресейден 97 теңгеден алған еді, яғни 1 рубль – 2,95 теңге бағамы бойынша. Бүгінде теңгенің еркін бағамы аясында бензин 120 теңгеден сатып алынып, 108 теңгеден сатылуда.

– Шығыммен ешкім де жұмыс істегісі келмейді. Егер осылай жалғасса, жақын арада, қыркүйектің аяғына қарай бензин тапшылығы туындайды, – деді ол.

Оның сөзіне қарағанда, еліміздегі өндіріс пен тұтыну балансында АИ-92/93 бензинін үш мұнай зауытында өндіру көлемі 2,1 млн тоннаны, ал тұтыну деңгейі 3,2 млн. тоннаны құрап отыр.

– 2017 жылға дейінгі бағдарлама аясында біздің үш мұнай өңдеу зауытымыз толық модернизациядан өтіп жатыр. Атыраудағы зауытта жұмыстар аяқталуға таяу, Шымкентте жаңғырту шаралары толық жүргізілуде. Ал Павлодар мұнай өңдеу зауытындағы жұмыстар да бекітілген жоспармен іске асырылуда. 2017 жылы біз өзімізді жанар-жағармаймен толықтай қамтамасыз етеміз. Артылған көлемін сыртқа шығаруға мүмкіндік туады, – деді Б. Сағынтаев.

Баспасөз мәслихатында «ҚазМұнайГаз» АҚ Басқарма төрағасы Сауат Мыңбаев:

– Қазіргі кезде бензин бағасына қатысты нақты бір санды атау өте қиын. Себебі, «осынша теңге» болады деген бағамызды нарық әп-сәтте өзгертіп жіберуі әбден мүмкін. Мұндай жағдайда жанармай саудалау кәсібіндегі кәсіпкерлердің кіріс-шығыс бағасын өздері реттеп, бағаны өздері белгілейтіндігімен түсіндіруге мәжбүрміз. Сондықтан да бұл жерде жалпы ортақ бір бағаға тұрақталады деуіміздің мәнісі жоқ. Сонымен қатар, жанармай саудасына қатысты акциздік есеп-қисапты нақтылау нәтижесіне қарай, біздің жанармай бекеттеріміздегі бензин бағасы 130 теңгені құрауы мүмкін деп болжап отырмыз, – деді.

Ендігі жерде сұранысы жоғары АИ-92 және АИ-93 маркалы бензиннің бағасы нарықтағы жағдайға байланысты нақтыланатын болады.

ӘЛЕМДІК DAҒDAPыCTың БҮГІНГІ СИПАТЫ ҚАНДАЙ?

Әлем экономикасы бұлыңғыр тартады, саналарын тұтынушылық психология билеген американдықтар да, еуропалықтар да етек-жеңдерін жия бастады. Жылдар бойы қалыптасқан көтеріңкі мұнай бағасынан есінен тануға айналған бюджеті шикізат бағасына тәуелді елдер тәбетін тыйып, шығыстарын азайтуға мәжбүр болды. Біздің пайымдауымызда, әзірге бұған қанағат етуге тура келеді. Себебі, алдағы 2016 жыл бұдан біршама күрделілеу қиындықтарды алға тартуы әбден мүмкін.

Енді біршама уақыттан кейін алдағы 2016 жыл бюджетінің жобасы алдын ала алдымен республикада, кейін облыста пысықталатын болады. Кейбір болжамдарға сүйенсек, Қазақстан бюджетіне ықпал жасайтын сыртқы конъюнктураның – мұнай, басқа да шикізат бағалары қолайсыз болатыны туралы жиі айтылуда. Себебі, әлем экономикасы әлі тұрақсыз, аумалы-төкпелі сарында дамып келеді. Мұнай бағасы бірде көтеріліп, қайта төмендеу сипаты жиі байқалуда. Күні кеше мұнайдың бренд маркасы соңғы апталар ішінде тұңғыш рет барреліне 50 доллардан асты. Бірақ алдағы уақытқа осыған орай, біздің пайымдауымызша, бюджет қаржысын үнемдеу, оны ұтымды, орынды жұмсау алғашқы кезекке шығатын келелі міндеттердің қатарында қала бермекші.

Әлемдік нарық экономикасында дағдарыстар жиі болып тұрады. Біз, әдетте, оны өндірістің әртүрлі факторларында сұраныс пен ұсыныстың үйлесімсіздігінен орын алды деп есептейміз. Мұндай құбылыс нарық экономикасына тән және ол реттеуді талап етеді. Соңғы жылдары әсіресе, экономика жаһандану үрдісіне барынша кіріккен сайын ол барынша күрделі сипатта дамуда. Бүгінгі дағдарыстың өзіндік ерекшелігі сол, ол бірқатар қалыптасқан экономика үлгісін біршама өзгеріске ұшыратады.

Сонымен әлем нарығында не болды? Мәселеге біршама жақындау үшін мына кестеге зер салайық.

Шикізаттың атауы	2011 ж	2012 ж	2013 ж	2014 ж	2015 ж
Мұнай (доллар/баррель)	109,3	110,5	107,9	97,6	50
Газ (долл./мың текше метр)	381,3	388,9	387,1	350,6	235,1
Алюминий (долл./тонна)	2173	2019	1846	1866	1803
Мыс (долл./тонна)	8821	7950	7326	6860	5641
Никель (доллар/тонна)	22894	17536	15222	16889	14523

Кестеден байқалып отырғанындай, әлем рыногында 2011 жылдан бастап шикізат бағалары едәуір арзандаған. Демек, бұл шикізаттарды пайдаланып отырған мемлекеттерде тұрақты өсім мен динамиканың жақсаруы әзірге түбірлі өзгеріске әкелмейді. Оларда шикізатты тұтыну деңгейі көтерілмейді, осыдан да оның бастапқы бағасын қалыпта келтіру мерзімі ұзай береді. Дағдарыс әлемнің барлық елдерін шарпыды. Осыған сәйкес оларда ұзақ уақыт әлгі өнімдерді тұтыну мөлшері де төмендей береді.

Неліктен бұлай болды? Мұның басты себебі 2008-2009 жылдары болған негізгі қаржы дағдарысының проблемалары толық шешілмеді. Қордаланып қалған мемлекеттік және корпоративтік қарыздар, қаржы саласы мен экономиканың нақты секторы арасындағы алшақтық осындай жағдайға әкеліп соқтырды.

2008 жылы АҚШ-тан басталған әлемдік дағдарыстың

себептері, оны еңсеру жолдары жөнінде Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев та дәйекті пікірін білдірген болатын. Оның “Российская газетада” жарияланған “Дағдарыстан шығу кілті” атты мақаласы көзі ашық, зиялы қауым өкілдері арасында қызу пікір туғызып, Елбасының дәйекті пікірлері олардың тарапынан қызу қолдау тапқан болатын. Одан кейін дүние жүзіндегі жетекші деген 20 мемлекет басшылары бас қосып, әлемнің күрделі проблемаларын талқылады. Атап айтқанда, сол кезде жалпақ дүниенің ортақ валютасы – АҚШ долларының бақылаусыз айналымы қаржы жүйесінің тығырыққа тірелуіне әкеп соғып, триллиондаған доллар нөпірінің салықтандырудан тыс қалуы шешуді талап еткен түйінді түйткілдердің бірі ретінде атап көрсетілген еді. Сәл уақыт өткеннен кейін Швейцария банк құпиясына қатысты заңдылықтарын біршама жұмсартуға, ал салық жұмағын орнатқан Андорра президенті үріккені соншалық, сол жылдың күз айына дейін-ақ банк құпиясы туралы заңдарды қайта қарауға уәде берген еді. Не өзгерді?



Шындығында, барлығы сөз жүзінде қалды. Оффшорлық аймақтағы (салықтан тыс мемлекеттердегі) берекесіз тіршілік әлі де жалғасуда. Жүздеген, миллиардтаған долларлар әлемдік экономикада салық нысанына айналып, өзінің берекесіз тіршілігін істеуде.

Сәл кейін шегінейік, 2009 жыл бюджетін қабылдау кезінде Қазақстан табысты барреліне 40 доллар көлемінде белгілеп, яғни консервативтік болжам жасаған болатын. Бірақ, сол дағдарыстан әлем рыногы жылдам шықты. Мұнай, басқа да шикізат бағалары тез көтерілді. Қазақстан тұрғын үйлерді, әлеуметтік нысандарды көптеп салды. Артылған қаржы ұлттық қорға құйылды. 2008 жыл соңында Қазақстан Президенті біздің еліміз үшін экономиканың жалпы ішкі өнімінің қолайлы өсімімен инфляцияның ақылға қонымды деңгейі жөнінде тұжырымын білдірді. Бұл, сайып келгенде, үйлесімді экономикалық саясат жүргізіп, дағдарыстан тез шығуға мүмкіндік берген еді.

Америкалық сарапшылар пікірінше, 2007 жылы жаһандық қарыз 57 трлн. долларға өсіп, оның жалпы көлемі 200 трлн-ға жетті. Бұл мәселенің дамыған және дамушы елдерге де қатысы бар. Қордаланған қарыз инвестициялық белсенділікті әлсіретіп, экономиканы дамытудың перспективаларына көлеңкесін түсіреді.

2008-2009 жылдардағы қаржы дағдарысынан кейін АҚШ пен Еуроодақ капиталдары даму қарқыны жоғары мемлекеттерге бет бұрды. 2009 жылдың шілдесі мен 2014 жылдың маусымы аралығында әлемдегі 19 дамыған мемлекетке 2

трлн. доллар инвестиция құйылды. Ол әлемдік дамудың жаңа локомотивіне айналды.

Көптеген сарапшылар Қытай, Индия, Бразилия, Индонезия мен басқа да елдер жақын арада АҚШ, Еуроодақ және Жапонияны жетекшілік позициядан ығыстырып шығарады деген болжам жасаған болатын. Дегенмен, ауқымды капиталдар құйылған дамушы мемлекеттер де бұрын дамыған елдерде болған проблеманы бастан кешті. Қаржы мен жылжымайтын мүлік нарығында еңбекпен табылмаған ақша тасқыны пайда болды. Өндіріс пен экспортты дамыту, арзан жұмыс күшін қалыптастыру секілді экономикалық өсім үлгісі өз-өзін ақтамады.

Жағдайды бағамдаған инвесторлар дамушы мемлекеттерден капиталдарын алып кете бастады. Мысалы, 2014 жылдың шілдесі мен 2015 жылдың шілдесі аралығында бұл мемлекеттерден сыртқа кеткен қаржы 1 трлн. долларға жетті. Бұл, әрине, әлемдік экономикаға да айтарлықтай теріс ықпалын тигізді.

Экономикасы жағынан әлемде екінші орында тұрған Қытайда тамызда қор биржасы құлдырады. Жуырда Қытай билігі экспортты реттеп, экономиканы тұрақтандыру үшін юаньды девальвациялауды бастады.

Индия, Индонезия, Оңтүстік-Африка республикаларында, басқа да ірі дамушы мемлекеттерде экономика өсімі баяулады. Бразилия мен Ресей рецессияға жақындап қалған сыңайлы.

Әлемде үшінші мемлекет саналатын Жапонияда ішкі жалпы өнім төмендеп келеді. Осыған дейін қарқынды дамып келген Канада да рецессияға енді. Сарапшылар Австралияда келер жылы өсім тоқтап, рецессия басталарын болжап отыр. Тек АҚШ-та экономикалық өсім байқалады, бірақ оның өзі алдын-ала болжанған деңгейден төмен.

Қазақстанның сыртқы саудадағы мықты әріптесі саналатын Еуразиялық Одақ бірінші жартыжылдықта экономикалық өсімді 0,3 пайызға дейін баяулатты. Оған қоса жұмыссыздық деңгейі 11 пайызға жетті. Жұмыссыздары көп елдер қатарын 25 пайызбен Грекия бастап тұр. Бұл көрсеткіш Испанияда – 22, Хорватияда –16, Португалияда – 13, ал Италияда 12 пайызға жетіп отыр.

Ешқандай өсім көрсетпеген Франция стагнацияға енді. Бұған Финляндияның рецессия құрсауынан шыға алмай жатқанын қосыңыз.

Грекиядағы күрделі жағдайға байланысты кредиторлармен мәміле жасалды, бірақ проблема түпкілікті шешілген жоқ. Керісінше, Грекияның берешегі ұлғая түсіп, жалпы көлемі 300 млрд. еуродан асып түсті. Он бір миллион тұрғыны бар, ішкі жалпы өнімі 250 млрд. доллар болатын Грекиядағы қарыз күн санап өсіп барады. Бұл Еуропалық Одақтың ортақ проблемасына айналып отыр.

2008-2009 жылдармен салыстырғанда бүгінгі жағдай біршама күрделі сипатымен ерекшеленеді. Сарапшылардың пікірінше, бүгінгі дағдарыс біршама уақытқа созылатын сыңайлы. Әзірге Қазақстанның ішкі жалпы өнімінің өсімі өткен жылмен салыстырғанда үстіміздегі жылы 1,5 пайыз болады деп күтілуде. Бұл көрсеткіш кейбір сарапшылардың пікірінше 2016, 2017 жылдары 2 және 3,5 пайыз көлемінде болжанып отыр. Әрине, осының барлығы болжамдар ғана. Қалай болғанда да әлем рыногындағы жағдай әдетте табиғаттың құбылмалы құбылысы сияқты жылдам өзгеретінін де еске алғанымыз абзал.

Қысқасы, барлығына уақыт төреші.

Ж.ӘЛМАХАНҰЛЫ.

АРЗАН БАҒА ҚАЙДА БАР?

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының ақпараттық - маркетингтік жүйесі арқылы күнделікті негізгі азық-түлік өнімдерінің бағаларына мониторинг жүргізіліп отыр.

Жүргізілген мониторингтің нәтижесінде бүгінгі күні ең арзан өнімдерді облыс аудандары мен Қызылорда қаласының төмендегі сауда үйлері мен базарларынан алуға болатындығын хабарлаймыз.

Қызылорда қаласы. «Дәмді» әлеуметтік дүкендерінде қант – 140, қырыққабат – 75, күріш – 165, жұмыртқа – 10, нан – 35, картоп – 60, пияз – 55, сәбіз – 80, қызылша – 100, 1 сортты ұн 57 теңгеден сатылуда.

«Мирас» сауда үйінің ауласында орналасқан қоймада картоп – 65, пияз – 55, сәбіз – 90, қызылша 75 теңгеден сатылуда.

Арал ауданы. Арал қаласының жеке кәсіпкері С.Саяновтың «Қуантқан», «Саян ата» дүкендерінде қант – 160-170, картоп – 70, пияз – 60, сәбіз – 120, жеке кәсіпкер Н.Сапарбаевтың дүкенінде қант – 160, картоп – 70, пияз – 80, сәбіз – 120, жұмыртқа – 12-13, күріш – 190, қарақұмық жармасы 180-200 теңгеден сатылуда. Сонымен бірге, кәсіпкер Т.Исмаилованың дүкенінде қант

– 150, күріш – 176, қарақұмық – 150, өсімдік майы 220 теңгеден сатылуда.

Қазалы ауданы. «Әлеуметтік сауда дүкені» сиыр еті – 1000, қой еті – 1000, қарақұмық жармасы – 180, жұмыртқа – 12, картоп – 60, сәбіз – 100, пияз – 70, қызылша – 90, қырыққабат 90 теңгеден сатылуда.

Қармақшы ауданы. «Бибіңір» базары мен «Жандос» дүкенінде картоп – 70, сәбіз – 100, жуа – 60-70, қырыққабат – 100, жұмыртқа – 11, күріш – 150, қарақұмық жармасы – 170, ЖК «Өмірзақов», ЖК «Қармақшы» СТК дүкендерінде 1 сортты бидай ұны 57 теңгеден сатылып жатыр.


Жалағаш ауданы. «Бәйтерек», «Жібек» базарларында картоп – 80, сәбіз – 120, пияз – 70, қырыққабат –

100, жұмыртқа – 12, «Ақниет», «Айдана» және «Қаракөз» дүкендерінен 1 сортты бидай ұны – 56-76, нан – 40, жұмыртқа – 11, өсімдік майы – 200-250, пияз – 70, сәбіз –120, картоп – 80, қырыққабат – 100, тауық еті 370-420 теңге аралығында.

Сырдария ауданы. «Өркен» және «Серікбол» дүкендерінде 1 сортты ұн – 74-76, нан – 45, өсімдік майы – 260, картоп –55, сәбіз – 120-140, пияз – 80, қырыққабат – 110, қант – 150, тауық еті – 420-440, жұмыртқа – 10-11, «Бақытжан», «Нұр» дүкендерінде жұмыртқа – 13, өсімдік майы – 260, қырыққабат 100 теңгеден сатылуда. «Коммуналдық» базарында нан бағасы – 45, өсімдік майы – 250, қырыққабат – 120, тауық еті – 450, қант – 150 теңге.

Шиелі ауданы. «Ә.Шорабаев», базарында картоп – 50-60, пияз – 60, сәбіз – 90, қырыққабат – 70, өсімдік майы – 230, қант – 160, жұмыртқаның 10 данасы – 100, тауық еті – 420, ет – 1100, тұз – 30, нан – 45 теңгеден. Сонымен қатар, 1 сортты бидай ұны 57-76 теңгеден сатылып жатыр.

Жаңақорған ауданы. «Мағжан», «Заңғар», «Сырдария», және «Нұрасыл» дүкендерінде 1 сортты ұн – 66-78, нан – 40-50, өсімдік майы – 200-250, картоп – 60-70, пияз – 50-60, қырыққабат –85-100, сәбіз – 100-110, тауық еті – 380-420, жұмыртқаның 10 данасы – 90-100, «Нұр» базарында ет – 1000-1100, жұмыртқаның 10 данасы – 90-100, жуа – 60, сәбіз – 110, картоп – 70, қырыққабат 100 теңгеден сатылуда.



2 - қосымша

(Жалгасы 13 бетте)

● ӨЛКЕТАНУ

Өмір – өзен, ол дария, ол ағысын тоқтатпайды. Шырша тасты жарып, бүршік жарады. Өмір жалғасады. Жас толқын келеді. Бұл – өмір заңы.

Бүгін ауылым жайлы толғанып отырмын. Өсер ұрпақ ел тарихын зердесіне ұғып өссе деймін. Ел ағалары – ауылдық кеңесті басқарған Ысмайыл Қаражігітов, Қалмақ Сексенбаев, Абзал Әубәкіров, Жұмабай Сүлейменовтер өнегелі із қалдырды. Соғыстан оралған Оразбек, Жүніс, Қонысбай ағалар әскери киімін тастамай, сан алуан қызмет атқарды. Орден, медалін тізесіне дейін тағып, мейрам күндері көшеге жарқыратып шығатын Жүніс Талпақов ағаға әркез қызыға қараушы едік. Хан, Сыздық, Мырзабек, Көкімжан, тағысын тағылардың әңгімелері құлақты жаңғыртады. Бұлар қазір арамызда жоқ. Елге тер төкті, тарихты жалғастырды. Бүгінгі әңгімеде осынау ел тарихынан сыр ағытайын, оқырман!

Туған жер бәрімізге ыстық. Кіндік қаны тамған жерді жырламған ақын жоқ. Ақын Әбділда Тәжібаев Гете Рейнесін жырласа, маған неге Сырды – Сырдарияны жырламасқа деп жыр арнады. Ақын Қасым үйсіз, күйсіз жүрсе де Астананы тастамаймын деп жыр төгілтті. Алаштың азаматы Мұстафа Шоқай жырақта жүріп, әнші Өмірмен кездескенде: “Шіркін-ай, Сұлутөбенің тұсындағы дарияның қайырлығына бір аунап, “Наршоқы” биігіне шықсам, арман болмас еді” дегені бар. Жазушы, журналист Шерхан бір сөзінде: “Бұл өмірімде талай жерді көрдім. Түсіме тек қана Мыңбұлақ көрінеді. Париж, Мәскеу, Үнді елінің ғажайып жерлері түсіме кірмейді деп тебіренді. Ақын Сырбайға Жазушылар одағы шетелге демалуға жолдама берді, алмады, қайтарып берді. Неге? – Мен әлі өзімнің кең байтақ жерімді түгел аралап болғаным жоқ! деп уәж сөз айтты. Академик С.Зиманов “Ауыл баласының басынан бақайына дейін ми” дегені бар.

Иә, туған жер жайында толғанысқа толы әңгіме таусылмайды, әр бұтасы шежіре шертеді. Бір күн ауылдан басқа жерге барсақ, ауылға қайтқанша асығамыз. “Бәйтен” көпірі, “Жетімасар”, Алтайбек тұсындағы Сарықұмның жушанын ансайсың. “Қосыман терегі”, “Көкжиде”, “Ақтүбек”, Ақбел, Жанатай, Құлболды ишан маңайы, талантты актриса Сәбира Майқанованың туған жері – “Майқантөбе”, Сұлтан Қожықовтың атақонысы – Қожық қыстауы, Мұнайтап, Сомтемір, беріректегі Серәлі Лапиндер қыстауы әлі көз алдымызда. Сарының қыстауы сыр шертеді.

Біздің ауылдың тарихы әріде жатыр. Алғашында Сталин атын дағы колхоз атандық, одан әріректе Молотов, “Ортақшыл” колхоздары болды. Жер-жерде бастауыш мектептер ашылды, оларда Бәкібай, Нәсіреддин, Қойшығұл, Беркімбай, Менліаяқ, Қиятовтар бала оқытты.

Ауыл орталығында алғашында жеті жылдық, кейін орта мектепке айналды. Соғыстан соңғы жылдары мектеп біткенді су алып, қоныс аудару үрдісі қалыптасты. “Қанөзек” бойында “Хан ағашы” деген жерде шағаладай орта мектеп болды, одан кейін бес жерге көшуге тура келді. 1947 жылдары “Бәлтік”

мешіті мектеп болды. Бұл мектепте ғалымдар Зұлқарнай Икрамов, Тоқшылық Омаров, Меруерт Асқарова, Әбжаппар Әбілаков, ауылдағы көзі тірі қарт Жылқыбай Жүсіповтер оқыды, білім шыңынан түлеп ұшты.

Бір кезде ауылдың аяқ аттам жері көл, сыңсыған жиде, жортқан қырғауыл, қоян болушы еді. “Астаукөл”, “Бидайкөл”, “Қошымкөл”, “Сұлукөл”, “Жирентайда” төрт түлік отар-отар қой, үйір жылқы, табындаған сиыр болу-

ағаларымыз Мұхамеджан Алдабергенов, Назар Күдебаевтар украин қыздары А.Барабанова, М.Күдебайкеліні сынды бойжеткендермен отау құрып, екі ел арасында құда-жекжаттық қатынас жалғасып, нағыз думан басталды. Шешен Маула Әлжұрхаевтың қыздары, И.В.Сенков сынды орыс азаматтары қазақ дастарханының құрметі мен дәстүрлі сыяпаттың қадір-қасиетіне қанықты.

Ауыл ақсақалдарға толы бол-

АУЫЛЫМНЫҢ АДАМДАРЫ



шы еді. Қазір мұның бәрі сиреген. Әйтеуір орталықтағы “Қоғалыкөлдің” суы бірде азайып, бірде молайып жансақтап тұр. Жағасы жұпыны, жасыл желегі аз. Жұрт тынығатын алаңға айналдырсақ қой!..

Ауыл ілгеріде бидай, тары егіп, мал өсіріп еңсе көтерді. Соғыстан соңғы жылдары Өукен Байжанов, Жакан Сайынов, Өсем Есмахов, Ермаш Күдербаев, Әжмағанбет, Қайыпназар Темірбаев, елуінші жылдары Нұрыш Жұдабаевтар елді басқарып, елдің мақтанышына айналған азаматтарын өсірді. Сражадин атаның канал қаздырып, бригадир болғаны, мал, жүгері, күріш өсіргені әлі күнге жыр. Даңқты дикан, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Жаңбырбай Қожауов, Г.Әдікенова, тұңғыш «Ленин» орденді механизатор Жақсылық Алдамұратов, Г.Өлекеева, шопан Рабиға Іздікұловалар аз тер төккен жоқ. Марқұм білікті агроном Теңізбай Ботабаев тынымсыз еңбектің азаматы еді-ау. Нағыз кемел шағында кездейсоқ ажалға кезікті. Ер еңбектерін есте сақтау – парыз. Әлі де әттеген-ай дейтін жайлар әлі қабаттасып келеді.

Сонау ашаршылық, соғыс жылдарында жапан далаға жеміс ағаштарын өсірген Ысқақ шал, қырмандағы қыруар астықты “Заготзерноға” тасыған қос арбақеш Әдікен, Шәріпбайлар әлі ұмытар емес. Ызғарлы суық, апатты ыстықты елемей қала мен ауыл орталығына хат таситын почтальондар Сейітқасым, Әбділда, Рүстем аталар естен кетпейді.

Елуінші жылдардан бастап ауыл орталығындағы мектепте білікті ұстаздар легі басталды. Сонау Ресейден О.Устинова, Г.Лебедева, З.Филипова сынды ұстаздар шәкірттерді білім нәрімен сусындатты. Бұлардан соң Муфтахаддин Әбіласанов, Кәрім Досхожин, Күзек Назханов, Әбдірахман Кенебаев, Жылкелді Жөкеевтер нағыз өз мамандығының шеберлері болды. Мектептің Қозыбек Асқаров, Жәнібек Ибрагимов, М.Әбіласановтар тұсында тасы өрге домалады. Ғалым Қозыбектің тынымсыз еңбегі естен кетпейді.

Сұрапыл соғыс жылдарында біздің ауыл нағыз сан ұлттың өкілдері шоғырланған өңірге айналды. Кәріс, шешен, украин ағайындармен қатынас орнап, құда-жекжаттық өрбіді. Майданнан оралған

ды. Ол кезде елу, алпысқа келген кісілер бізге мүлдем үлкен көрінетін. Қазір жасы ұлғайған қарт әкелеріміз бен әжелеріміз мүлдем жас көрінеді. Аталы сөздің құймасы Әкімал мақсұм, Бөлекей, Қаржаубай, Әжмағанбет, Сражадин Әбиұллаев, Темірбай, Шортанбай, Сейтқазының Рүстемі, Еспенбет қажының ұлы Шахап сынды ағалардың өсиет сөздері әлі құлақтан кетпейді.

Біздің ауыл соғыс жүріп жатқан кезде “еңбек майданы” деген ұранға үн қосты.

Ауыл тарихынан әңгіме қозғай берсем, таусылмайтын жыр-дастан. Мектепті бітірген биология ғылымының докторы, Алматы ботаника институтын басқарған Бердікүл Қалымбетов, философ Жәлеш Әбіласанов, Тоқшылық Омаров, ақын Әскербек, заңгер Пазылбек Әбдірахманов, подполковник Жуасбек Тілеуовтер – мектеп мақтанышы.

Бір кездері үш мыңға жуық күріш өсіретін, отыз мыңға жуық қой, жылқы, сиыры бар ауылдың даңқы қазір ертегі сияқты. Елді көтеріп, материалдық базасын, егіншілік мәдениетін көтерген Нұрыш Жұдадаев, қазіргі зейнеткер, білікті инженер, шебер ұйымдастырушы Ибрагим Әбиұллаевтың эстафетасын одан әрі ілгері алып кете алмай, қолдан шығарып алдық. Іргеміздегі “Шіркейлі” ауылы баға жетпес еңбек дәстүрін Аббас Камалатдин жалғастырып, даңқын асқақтатып тұр. Елде қазір аталы сөзі мен баталы қарттар баршылық. Камал Рүстемов, Өмірбек Қожанов, Жылқыбай Жүсіпов, Әбділда Әбиұллаев, Қасымхан Демжанов сынды тоқтау сөз айтар ағаларымыз қатарымызда жүр.

Ауылдағы мектеп – білім ордасы. Үлкен ғимарат осы заманғы құрал-жабдық, білікті ұстаздармен толыққан деуге негіз бар. Қазір мұнда 500-ге жуық оқушы, жүзден астам ұстаздар еңбек етуде.

Біздер осынау ұжымдағы ұстаздар қауымы арқылы ел бірлігін сақтап, қатықтай ұйыған ауылдың тыныштығы үшін еңбек етуге тиістіміз. Бәрімізге ауылымыздың тарихы қымбат екенін ұмытпайық, өсер елдің өнегелі ұрпағы!

Исламбек ҚАЮПОВ,
№44 орта мектеп директоры.

Сырдария ауданы,
“Қоғалыкөл” ауылы.

Әр адамның тағдыры – айтылмаған сыр, жазылмаған жыр, оқылмаған кітап демей ме?! Бүгіндері 75-ке келген шағымда жасымда өмірімде өзіме ғана белгілі жайлар аз емес. Өсіресе, ата-анам, өзіме қарайласқан, қамқорлық жасаған ағайын-туыс, жақын жандарға қатысты жайлар туралы бір ауыз сөз айтайын деп қолға қалам алдым.

Мен 1941 жылдың күзінде дүниеге келіппін. Соғыс басталып, әр отбасының апшысы қуырылып, бүкіл елді үрей билеген кез екен. Ол кез егін орылғаннан кейінгі атыздағы бірлі-жарым қалған бидай сабақтарын теріп, нан жасап күн көру көпшіліктің еншісіне тиген уақыт еді. Мен де масақ тердім. Біздің бала кезімізде нанның түйірін тастатпай, «қиқым жеген бала бай болады» деп жердегі қикымды жегізетін. Қазір ертегі секілді көрінері хақ, дегенмен ол кездегі ұрпақтың бойында нанға деген жоғары құрмет қалыптасқан-ды. Сонымен қатар олардың ойы таза, пейілі кең, таным-түйсігі басқаша болатын. Олар ашаршылық пен 37-жылдардың нәубетін басынан өткізсе де соғыстың тауқыметін тар-тып, «табандары тасқа тілінсе» де, бойлары мейірімге толы болғанына қазірге дейін таңғаламын.

Әкем Мұқан Төрешұлы жасының егделігіне байланысты соғысқа алынбағанымен, қанды қырғыннан ел әлі есін жия алмаған кезде о дүниелік болды. Міне, бұған да 67 жыл толып отыр. Содан екі кластық қана сауаты бар, 37 жастағы анам Маржан бес баламен үйде отырып қалады. Бірақ аналық – ұлылық, әйелдік – әлсіздік дейді ғой. Әйел баласының



ӨМІР ӨРНЕКТЕРІ

әлсіздігі оның табиғи нәзіктігіне байланысты болар. Алайда табиғаттың өздеріне берген сыйы – аналық мейірімділіктің құдіретті күшінің арқасында көп жағдайда әлсіздіктің ұлылығы жеңіп жатады. Сондықтан көп аналар жеке басының тәкаппарлығын да, өмірін де бала үшін құрбан етіп келді, бұдан былай да солай бола береді. Бұл жалпы шынайы аналар қауымының өзіндік бір айрықша ерекшелігі де шығар.

Сондай аналардың бірі, кезінде күміс аяқ Маржан сұлу атанған менің анам еді. Ол тоғыз жасында намазға жығылған екен. Бірде ауылдағы бір қыз бала бірдеңе сұрайын деп үйге келсе, анам намазға дайындалып дәрет алып жатқан көрінеді. Күміс емес, өзінікіндей жәй аяқты көргенде, қыз бала есі шығып сұрауға келген затын ұмытып, «Маржан тәтенің аяғы жәй аяқ, жәй аяқ» деп айғайлап үйіне дейін жүгіріпті. Осылайша кезінде бір байдың бұла өскен, үнемі күмістеген аяқ киім киген қыз тағдырдың мойнына артқан жүгін көтеруге мәжбүр болып, жесірліктің тақсиретін тартса да, бізді бақты, өсірді. Бәріміздің дұрыс тәрбие, тиісті білім алуымызға барын салды.

Әкеден ерте айырылған бізге ағайын-туысты, алыс-жақынды анам ылғи таныстырып отырды. Әкеміздің қадір-қасиетін де алдымен осы анамыздан естіп, білдік. Бойынан тектілік пен мәрттік, жомарттық пен безқаттық қасиеттер берік орын алған әкеміз көзі тірісінде-ақ сері Мұқан, сал Мұқан, төре Мұқан, былғары Мұқан деген төрт түрлі атқа ие болып, бір қауым ағайын-туыс пен елді аузына қаратып, өзінің ақылымен, турашыл да әділетті мінезін, адамға жылы қарым-қатынасымен, қамқор көңілімен бедел жинаған екен.

Студент кезімде Өзбекстанның Шыршық деген қаласында тұратын немере ағаларым Қабылда мен Әліпбайға қазғы демалыста жиі барып жүрдім. Өйткені әкемің, шешемнің жақсылығын көрген олар әр барғанымда айналып-толғанып жататын. Сондай бір барғанымда көршісі мені қонаққа шақырды. Сөйтсе, ол кісі жас кезінде әкемді көргенін айтып, жанымды марқайтар әңгімелерін естідім.

Әкеміңн көзін көрген жандардың қамқорлығын сезініп өстім. Сондай ізгі жандар Тоғызбай атамыздың балалары еді. Жұман, Әділ және Әбдібек аға бізден қамқорлығын, қолдарынан келген қызметтерін еш аямады. 1948 жылдың көктемінде, көкемнің ауырып жүрген кезінде егін басына Әділ ағаның үйі бірге көшіп барыпты. Үш айдан кейін күзге салым көкем көз жұмыпты. Содан кейін де бұл ағалардың қамқорлығын аз көргеніміз жоқ. Кешегі 50-ші жылдары біз қалада Әділ ағаның кіреберісі бар екі бөлмелі үйінде көп жыл бірге тұрдық. Біздің отын-суымыз да сол кісілердің мойнында болды. Жөнешем Құлпаршын да өте тәуір адам еді, анама жақсы келін бола алды. Бізге Көшмырза, Түменбай, Әбдіқалық, Әліппек нағашыларым әркез көл ұшып беруден айныған жоқ.

Кезінде әкелеріміз Мұқан және Шәймерденмен ағалы-інілідей болған Сабыр көкемнің жақсылығын да мол көрдім. Мен мектеп бітірген жылы апам ауырып, ақ ішіп әлденіп қайту үшін елге немере інісі Әбдіқалықтың үйіне кеткенде, мен бір жылдай Қызылорданың гидротехникумында оқу ісінің меңгерушісі болып істейтін Сабыр көкемнің үйінде тұрдым. Институтты бітіргеннен кейін қалаға жұмысқа орналасуыма да осы Сабыр көкем себепші болды.

Мен институттың үшінші курсына өткенде отбасында тағы мәселе туған болатын. Өзімнен кейінгі інім Максұт мектеп бітірді де, оны әрі қарай оқыту қажет болды. Өйткені ол жасынан алғыр, сабаққа ынтылау еді. Бірақ, өкінішті бекініс-алтыншы сыныптарда оқып жүргеннің өзінде ол жазда шөп орып, соны сатып, біреулердің кесегін құйып, үйдің ауыртпашылығын жеңілдетуге мәжбүр болды. Мен институтқа түскеннен кейін қабырғасы толық қатпаған жас бала сегізінші сыныптан кешкі мектепке ауысып, кейін денсаулығына үлкен зиян келтірген қара жұмысқа орналасуға мәжбүр болды. Осы жағдайды мен институттағы топ жетекшісі Зұлқарнай Икрамов ағайыма айтып, сырттай оқығым келетінін білдірдім. Ол менің ойыма үзілді-кесілді қарсы болды. “Сырттай оқу білім болмайды және ұзаққа созылып кетуі мүмкін. Біз саған қалай көмектесуді ойлауың керейік” деді. Ертеніп декан Әбдікәрім Тәжмағамбетовке кіріп, ақылдасқанын айтты. «Біз сені физика кабинетіне лаборант деп тіркейміз. Бірақ, сен емес анаң келіп, аптасына үш рет кабинеттегі аспап-құралдарды, аппараттарды сүртіп тұрса болады» деді. Апам мен институт бітіріп, жұмысқа орналасқаннан кейін де бір-екі жыл сонда істеді.

Менің жағдайыма түсіністікпен қараған Әбдікәрім Тәжмағамбетов анамның институтта қызмет ететінін пайдаланып, жанадан пәтер алғанда өзі отырған институттың үйін бізге тастап кетті. Бұл жақсылықты қалай ұмытуға болады?!

Арада жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, осы З.Икрамов пен Ә.Тәжмағамбетов ағайларымының адамгершіліктерінің асқақтығы, іс-әрекет, тыныс-тіршіліктерінің ерекшелігі, кісілік келбеттері есіме түскен сайын, менің жанымды жылытып, ерекше тебіренетеді. З.Икрамов ағай ертерек марқұм болды. Ал Ә.Тәжмағамбетов ағаймен жолдасым Жәлел екеуіміз дүниеден өткенінше сыйласып жүрдік. Жетпістен асқан шағында көз жұмды. Қазір де отбасымен хабарласып тұрамыз.

Өзімнің басымнан кешкен қиыншылықтарды қысқаша сөз еткенде, екі мақсатты ұстанып отырмын. Біріншісі, өмірдің қысқа бір үзік сырынан бүгінгі ұрпақ тағылым алысқан деген ой. Екіншісі, өзімнің өмір жолымызда кездескен парасаты биік, пейілі таза, көңілдерінен шуақ шашқан, қазір арамызда жоқ асыл жандардың рухтарына басымды иіп, тағзым ету. Олардың иман нұрлары пейіште шалқысын!

Туғанай МҰҚАНҚЫЗЫ,
Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі.
Астана қаласы.

СЫРДА ТУЫП, БАР ҒҰМЫРЫ СЫРТТА ӨТКЕН

майдангер Мәріпжан Қасымбеков жайлы аз-кем сөз



Мәріпжан Қасымбеков ұлы Сергеймен

Сексенінші жылдардың ортасында қазақ журналистикасына келіп қосылған талантты топтың ішінде Серік Дінахметов есімді жігіт бар еді. Университетті сырттай оқып жүріп «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш»), Алматыдағы «Теміржолшы», Ақтөбедегі «Болат жол» газеттерінде қызмет атқарды. «Елге оралып біршама уақыт құрылысшы болып жұмыс істеді. Кейінірек Жезқазғанға қызмет ауыстыруға қамданып жүретін еді» дейді оны білетіндер. Баратын күні ұшақтан қалып қойған Серік, бір апта ауылда аялдап қалып еді. Сапарына санаулы күндер қалғанда мотоциклмен жол апатына ұшырайды. Жаратқанның жазуы ғой, кеншілер қаласына қоныс аударуды көптен күтіп жүрген Серік туған жер төсіндегі бір төмпешік болып қала берді. Бұл 1985 жыл еді.

Жуырда редакцияға Серіктің інісі Жомарт есімді азамат соқты. Қолында марқұм ағасына Ұлы Отан соғысынан кейін Украинада қалып қойған Мәріпжан Қасымбеков есімді қандасымыздың жазған хаты бар.

– Серік ізденгіш еді. Қайтыс болатын жылы облыстық «Ленин жолы» (қазіргі «Сыр бойы») газетінен Одессада қалып қойған Сыр азаматы жөнінде оқыпты. Өз бетінше іздеп жүріп, макала кейіпкерін тауып алды. Туған жерден жырақтап кеткен жерлесімізбен хат алысып жүретін,– дейді Жомарт. Хат жолдарынан елге деген сағыныш лебін сезген ол республикалық басылымдарға одессалық Мәріпжан ардагер жайлы очерк әзірлемек еді, тосыннан келген қаза оған үлгіртпеді.

Сарғайған парақтарды қарап отырмыз. Жомарт аға мұрасын көзінің қарашығындай сақтапты. Қағаздың түсі оңғанмен бояуы күні кеше жазғандай анық көрінеді. Осыдан тура отыз жыл бұрын жазылған хатқа көз жүгіртсеңіз, бір жып-жылы леп бетінді шарпығандай болады.

«...Қарағым, Серік Дінахметов! Сенің жазған хатыңа жауап бермеуге правом жоқ. Айтқан жылы сөздеріңе көп рахмет. Туған жерім Қызылорда облысындағы Жаңақорған ауданы, Дария жағасындағы Бесарық деген ауылда кіндігім кесіліп еді...» деп бастапты ақсақал хатын.

Осыдан отыз жыл бұрынғы жазылған хатта ауылдың соғыс алдындағы бар тіршілігі суреттеліпті. Заман ағымына сай Ворошилов есімін мелеген ұжымшардағы мектеп үлкен баудың жанында болыпты. Осы мектепте бірінші сынып партасына отырған Мәріпжан Қасымбеков жеті жыл үздік оқиды. Көркемөнерпаздар үйірмесін басқарған жалынды жастың алға қойған арманы да көп болған көрінеді. Тек соғыс деген сұрапыл аяқасты киіп кетіп, бәрін тас-талқан етеді.

Ауыл баласының ерте есеюге талпынатыны белгілі ғой. Оның үстіне комсомолға қатарынан бұрынырақ өту үшін жасын қостырып жаздырғаны бар еді. Сөйтіп құжат бойынша 1942 жылы 19-ға лінген Мәріпжанның шын жасы небәрі 17-де ғана болатын. Осы жылы 6 шілде күні майданға аттанған ауылдастарының ортасында жап-жас Мәріпжан да бара жатты. Ол туралы өзі хатта: «Армияға шақырғанды документ бойынша мені 19 жаста дейтін еді ғой. Комсомол болам деп екі жасты қосып алған мен осылайша 17 жасымда шырылдап, бір жарым пұт талқанды көтере алмай жылап кеткен жайым бар еді ғой» деп жазады.

Бозбала Мәріпжан Орынбор облысы Чкалов ауданындағы минометшілер дайындайтын бөлімге түседі. Мұнда кескілескен майдан жүріп жатпағанымен де соғыстың дүбірі естіліп қалады. Әсіресе, күші басым жау мен өліспей беріспеске бекінген Кеңес әскерлерінің алма-кезек шабуылынан Сталинградтың түбі қан қасап болып жатқан кез. 1942 жылдың қыркүйегінде бұларды осы 1062 атқыштар полкі құрамында қаланың Клец бағытын қорғауға кірісті.


Мәріпжан ақсақал хатында сол бір сұрапыл кезеңді былайша суреттейді: «... қыс түскеніңе қорғанысты ұстап тұрдық. Қазақтың «Жұт жеті ағайынды» деген мәтелін дәл бейнелейтін жағдайды бастан кештік. Қатып қалған нанды кезек қажасап, ал жинаймыз. Сол жылғы қыс та ерекше суық болды. Кейде маған көкжиекке дейінгі аппақ қардың бәрі қана бөгіп жатқандай елестейтін. Осындай күндердің бірінде жараланып, госпитальге түстім».

Жау құрсауы күннен күнге қысып барады. Бұлар

Клецті, тастап, Курскіге ойысты. Курск шайқасы немістердің жаңа қару-жарағын сынау алаңы іспетті сияқты еді. «Моторлар соғысы» деген атау алған Курск майданы көзіне қан толған фашистер үшін Мәскеуді алудың мүмкіндігі болса, бес қаруы сай жасанған жауға тойтарыс берген Мәріпжан секілді мыңдаған Кеңес сарбаздары үшін соңғы табан тірер тиянақ еді. Қырық тоғыз күнге созылған шайқас 1943 жылдың 23 тамызы күні Кеңес әскерлерінің Харьковты азат етуімен аяқталды.

Бесарықтан шыққан Мәріпжан бұдан кейін Чехословакия, Югославия, Австрияны азат етуге қатысты. Жеңіс хабарын Венгрия астанасы Будапештте естіді. Соғыстан кейін Одесса түбіндегі Ананьев қаласындағы әскери зауытқа жіберіледі. Осында жүріп Любовь Константинызымен танысады. Көңілдері жарасып, шаңырақ көтерді. Дүниеге 2 ұл, 2 қыз келді. Осылайша Сырдарияның жағасында өскен Мәріпжан одессалық болып шыға келді. Осында арнаулы білім алып, аудандық ет дайындау бірлестігіне басшылық етті. Зейнетке шыққасын 86 атқыштар дивизиясының ардагерлер кеңесін тұрақты мүшесі болды.

«... соғыста қазақ жігіттері көп болды. 62 деген оңай жас емес екен, аттарын ұмытыппын. Бірақ біз, ұлы Абайдың ұрпақтары, адал соғыстық. Ешкімнің алдында еңсеміз түспейтіндей шайқастық. Сонау алыстан іздеп, хабарласқаныңа рахмет. Елге, отбасыңа сәлем айт» дейді қарт майдангер.



Мәріпжан ақсақалдың хаты

Ардагердің туған ауылына сұрау салдық. Қазіргі Талап ауылында 1942 жылдың 6 шілдесі күні майданға аттанған Мәріпжан Қасымбеков жайлы білетіндер жоқ болып шықты. Осыдан 73 жыл бұрын майданға аттанған Мәріпжан Қасымбековтің бір дерегін білмек болған бізге Жаңақорғандағы «Талап» ауылдық округінің бас маманы Бактияр Дүйсенбаев көп көмек көрсетті. Бесарық ауылының әкімі Әлібек Абдуллаев ақсақалдың туған келінін тауып берді. Мәріпжанның қайтыс болған Арысқан деген інісінің жұбайы Қыздаркүл апай қайнағасын тоқсаныншы жылдардың ортасында көргенін айтады. Ата-бабасы жатқан қорымға келіп, құран оқытқан майдангер содан кейін қайтып соқпаған көрінеді. Жақындарынан тұшымды дерек ала алмағасын өзі хатта жазған деректер бойынша ғаламторды ақтардық.

Бір қызығы, ғаламторда тағы бір Мәріпжан Қасымбеков жүр. Оның да тұрғылықты жері Ананьев қаласы. Отыздан енді ғана асқан жігіттің әкесінің есімі Сергей екен. Мәріпжан ақсақал хатында екінші ұлының атын Сергей деп жазғандықтан бұл жігіт майдангердің немересі болар деп болжадық. Болжамымызды тексеріп көрмек болып, электронды поштасына хат та жаздық.

Міне, керемет! Жас Мәріпжан біздің жерлесіміздің немересі болып шықты. Атасының құрметіне қойылған есімін мақтан тұтатын жас жігіттің жазуынша үлкен Мәріпжан 2002 жылы қайтыс болыпты. Өз әкесі Сергей осыдан 1 жыл бұрын ойылған муз астына кеткен адамдарды құтқарам деп жүріп опат болыпты. «Атам Мәріпжанның айтуымен әскери саланы тандаған әкемнің басқаша жасауы мүмкін емес еді, мен оны мақтан тұтамын» дейді кіші Мәріпжан.

Осылайша отыз жыл бұрын жас журналист Серік Дінахметов пен ардагер Мәріпжан Қасымбеков арасында жазылған хат біраз тарихтың шетін шығарды. Біраз бейтаныс жандармен таныстырды. Сарғайған парақтағы ақсақалдың елге деген сағынышы жүрегімізді сыздатты. Сырда туып, бар ғұмыры сыртта өткен майдангер жайлы толық дерек білер жан бар ма екен?

Мұрат ЖЕТПІСБАЕВ.



Таудың алыстаған сайын биіктейтіні секілді әкем жайлы естеліктердің де жыл өткен сайын құны артып келеді. Бала кездегі еміс-еміс есте қалған әке бейнесін, үзік-үзік қимас сәттерді оңашада қайта-қайта еске түсіремін. Әркез еске түскен сайын іштегі сағыныш толқынысы алқымға келіп тығылады, әрбір сәті ыстық. Сондағы оңаша отырып ойға түсіретінім – Мұстафа екеуінің ұсталықпен айналысып, соқаның тісін, арбаның дөңгелегін жөндеп жататын сәті, астық бастырған қырманға ертіп апарғаны, арбамен қауын тартқанымыз. Жұрт үшін іш пыстырар сәт болып көрінетін осы уақыттар, мен үшін миллиондарға айырбастамайтын естелік болып қалды. Себебі әкемнен қалған ең құнды естелік осы сәттер ғана.

ҚАҺАРМАН ӘКЕ

Екінші дүниежүзілік соғыстың зұлмат жылдарында қайғыдан қан жұтпаған шаңырақ жоқ шығар, сірә. Еркек кіндіктілер қолына қару алса, әйелдер бала-шаға мен кемпір-шалдың күтушісі, асыраушысы болды. Біздің үйде де шиеттей бала-шағамен анам жалғыз қалды. Әкем қару асынып, майданға кетті. Шешем күнұзақ жұмыс істеп нан тауып, өзегімізді талдырмай осы өмірге аман жеткізді. Майдандағы әкемнен ара-тұра сағындырып хат келгенде үстел басына үймелесе қалатынбыз. Ол күн мереке секілді еді. Анам сол хаттың жылуымен ұзақ уақыт көңілді жүретін. Ал мен әкемнің ерлік жасап жатқан сәттерін ойша қиюластыратынмын. Әр күні айға бергісіз азапты күндер өтіп жатты. Әкемнен хат үзілді. Әлдебір хабар келе ме деп елендеумен жүргенімізде аты өшкір соғыс та бітті. Қайтқан жауынгерлердің арасынан әкемді іздедім. Анам бірге аттанған ауыл адамдарынан әкемді қайта-қайта сұрап мардымды жауап ала алмады. Әр солдат оралған сайын әкем емес пе деп алдынан шығып, ол емес екенін білгенде еңсем түсіп үйге оралатынмын. Осылайша үйдің иесін күтумен уақыт өте берді. Әкем туралы бір деректің болмағаны үміт пен үрейге салып қойды. Осылайша қаншама жылдарды артқа тастадық. Ал әкемнің не бұ дүниелік екенін, не о дүниелік екенінен әлі де бейхабармыз. Әйтсе де бір хабар келетініне іштей сенетінім.

Адамзатты қанға бөктірген отты жылдардың біткеніне қырық жыл уақыт өткен соң мен қолыма хат алдым. Сонау Украинадан келген хатта 121-гвардиялық атқыштар дивизиясына қарасты 342-гвардиялық атқыштар полкінің қаһарман жауынгері, менің әкем Асқар Құттыбаевтың Подлужное селосының маңында кескілескен ұрыста ерлікпен қаза тапқаны жазылыпты. Кеудемде қанша жылдан бері арпалысқан сағыныш пен өкініш көзімнен ыстық жас боп төгілді. Бала күнгідей басымды кеудесіне қойып, иіскей алмасам да, туған жердің бір уыс топырағын өз қолыммен салатын сәт туды. Өттен, осыдан бір жыл бұрын келгенде ғой мына хат. Шешем әкемнің қайда жерленгенін естір еді. Өзі жыл санап күткен азаматының қабіріне өз қолымен топырақ салар еді. Әйтседе анам әкемнің бақилық болғанын сезсе керек соңғы жылдары сөз арасына «әкеңнің аруағы» дегенді қосып айтатын. Сезсе, сезген де шығар кім біледі...

Отбасыммен әкем ерлік жасаған жерге аттанбақшы болдым. Маған әкемнің қайда жерленгенін жазған хатты сондағы оқушылардан құрылған «қызыл ізшілер» ұйымы салып жіберген екен. Мен сонда баратынымды жазып қайта хат жіберген едім, олар күтіп алатынын айтты. Өз ойыммен алысып отырып қалай жеткенімізді де сезбей қалыппын. Бізді Костополь ауданының орталығындағы темір жол вокзалынан түн жарымында қызыл ізшілердің жетекшісі Зоя Феодоровна мен бір топ оқушылар күтіп алды. Жат жерде көрсетілген құрмет маған әкем құшақтап алғандай күй сыйлады.

21 қаңтар күні қызыл ізшілердің слетіне қатысатын болдық. Сол жиынға мен құрметті қонақ ретінде шақырылдым. Подлужное селосының маңындағы шайқаста қаза тапқан 209 жауынгерге қойылған ескерткіш алыстан менмұндалап тұр. Түрлі мадақтар жазылған дәл осы ескерткіште жетінші болып Асқар Құттыбаев деген есім жазылыпты. Осы тұсқа келгенде ішімді алапат сезім билеп алды. Украина даласындағы ескерткіште менің әкемнің есімі ойылып жазылып, ұрпақтарына сый-құрмет көрсетіліп жатыр. Бұл сезімді айтып жеткізу мүмкін емес. Село орталығындағы айналасына гүл егілген қасиетті орынға менің әкем жерленген. Туған жерден топырақ бұйырмаған қайран әке алдындағы менің міндетім Сыр елінің бір уыс топырағын қабірінің басына салу болатын. Мен міндетімді атқардым.

Дәл сол сәтке қаншама халық, соғыс ардагерлері, жүздеген оқушылар куә болды. Олар қошмет көрсетті. Қарапайым ауыл ұстасының ерлігіне, темірден түйін түйген Асқар Құттыбаевтың ұрпағына құрмет көрсетті. Бұл сәт бала кезімнен бергі әке туралы армандарымның орнын толтыра алмаса да, қалған өмірімде өзімді жұбатуға жетерліктей еді. Жатқан жерің жәннат болсын, қаһарман әке!

Отанын қорғап, опат болған осындай ерлерді ел есінде қалдыру біз үшін абыройлы міндет болар еді.

Тaubай АСҚАРҰЛЫ.



Н.БЕКЕЖАНОВ – 125

Сыр елінің серісі, тума талант Нартай Бекежанов артында өшпестей із, өнегелі іс қалдырған жан. “Тау алыстаған сайын биіктейді” демекші, жылдар жылжып өткен сайын оның бейнесі, тұлғасы кесектеліп, сомдала түсіп, абыройы асқақтап, өрісі өсіп келеді десек, артық айтқандық емес. Бұған нар тұлғалы Нартайға халқының көрсетіп келе жатқан құрметі мен ілтипаты, ізгілікті көңілдері айғақ.

Оның әрбір жырынан әділдіктің, адамгершілік асыл қасиеттердің иісі аңқып тұр. Бала Нартайдың дана Нартайға дейінгі өмірі соқпақты кезеңдерге толы болды. Қиын кезеңде дүниеге келіп, талай өтпелі дәуірде өмір сүрді. Азамат соғысы, біресе ақтар келіп, онан соң қызылдар жетіп қырғын салған кез, жер иеленушілердің, келімсектердің шұбыруы, аштық, қуғын-сүргін, тағы да соғыс, тылдағы қиындықтар, канал қазу секілді ауыр жұмыстар көз алдында өтіп, ерте есейтті.

Ол 1890 жылы Қызылорда облысы, қазіргі Шиелі ауданына қарасты “Коммунизм” колхозы, Үлгілі ауылында орта шаруаның отбасында дүниеге келді. Кейбіріміз айтып жүргеніндей, Нартайдың арғы аталарында ақындық не басқадай өнер болмаған. Әкесінің өзі бала Нартай екі жасқа келгенде дүниеден озады. Анасы Бақтыгүлдің қолында тәрбиеленген Нартай жас кезінде Сырдың бай-манаптары Көшкінбай мен Толғанбайдың малдарын бағып, жалшылықта болады. Нартайдың анасы Бақтыгүл ақындығымен, әншілігімен өз ортасына белгілі жан еді. Талабы таудай, зерек бала Нартай ана бойындағы асыл өнерді қағып алып, бойына сіңіріп отырған. Анасымен қатар, тапқырлығымен, ақындығымен танымал туған ағасы Мәнсүр Нартайдың бойында бұлқынып тұрған ағынды аңғарып, оның өнер жолына түсуіне көп ықпал жасаған. Нартайдың алаңсыз өнерге бет бұруына Арқаға атағы кеңінен жайылған Үкілі Ыбырайдың жиені Тайжан Қалмағанбетов үлкен себепкер болады. Тайжан ақыннан сол кезде бала Нартай он екі жас кіші екен. Бір жылдан астам уақыт бірге еріп жүріп, бауыр басып қалған Нартай оның өлеңдерін жаттап, әндерін ерінбей үйренеді, зердесіне түйеді, қыр-сырына қанығып, орындай бастайды. Нартай Тайжан ақынды ардақты аға тұтып, құрметтейді. Сөйтіп, Нартай он жеті жасқа келгенде айтулы ақын ұстазының батасын алып, өз жүрек қалауымен ел аралап, той-думан, жиындарға қатысып, халық алдына шығып, әсем үн қалықтатып, жыр жырлайды. Мұнан соң өзінің өнердегі шамасын таразылаған Нартай өнер жолына алаңсыз, шын ниетімен енеді, өлең өлкесін еркін аралайды. Анасы Бақтыгүл, ағасы Мәнсүр, ақын Тайжан мектептерінен өткен соң, Нартайдың да есімі елге кеңінен танымал бола бастайды.

Мұнысын бір жырында:

– Қоймады бұл ақындық қашқанменен,
Он жеті айналдырып жастан бермен.
Тоқталып қайнар бұлақ, қарап жатпас,
Үстіне тау көтеріп басқанменен, –

деп бейнелепті ақын думанды өмірінің бастамасын. Нарекеңнің өзі айтқандай, сылдырап аққан өнер бұлағының көзі, арнасы ашылып, тасқынды селге айналды. Иығында сырнайы, қолтығында домбырасы бар Нартай жүрген жерінің бәрінде халықты сән-салтанатқа, ән мен жырға, думанға бөлеп, өнерге шөліккегендерді сусындатып, айызын қандырды. Алғашқыда Нартай ақын қазан төңкерісінен бұрынғы халық өмірін жырлай отырып, жарқын келешекке үміт артып, қол созған, жанын құрбан еткен ел ардақтыларың, аяулыларың тебірене жырларына қосқан. Өзі де жалшылықтың дә-

мін татқан ақын 1916 жылы шығарған “Бір қойшыға” деген алғашқы өлеңдерінің бірінде кісі есігінде күн кешкен жалшылардың адам айтқысыз ауыр тұрмысын, мұң-шерін кекті ызамен айта келіп, өлеңінің аяғын былайша түйіндейді:

Қарыса бер қажымай,
Сенің де туар заманың.
Тартарсың сонда мырзана,

айтысы”, “Нартай мен Ардақтың айтысы”, “Колхозшылар айтысы”, ал сүре айтыстары санатында “Нартай мен Нұрлыбектің айтысы”, “Нартай мен Қазанғаптың айтысы”, “Нартай мен Кененнің айтысы” бар. Қайсыбір айтысын алып қарасақ та, Нартай ұтымды айтқан өткір сөздерімен қарсыласын тоқтатып отырған, бейнелі сөз құдіретін шеберлігімен қолданып келген.

ӨЗДЕРІҢ БІЛЕР НАРТАЙМЫН...



Өзінің тартқан табағын, – деп оптимистік ой тастай келіп, жігерлендіріп, қайратқа мінуге үндейді. Бір жағынан, халыққа деген терең сүйіспеншілік танытады, екіншіден, еңбекші елді қанаушыларға наразылық білдіреді. Қараңғылық қапаста ұстап, кедей-кепшіктің еңсесін басқан байшыкештерді сын тезіне алу – Нартайдың қазан көтерілісіне дейінгі шығармашылығының негізгі өзегі болды. Бұл сол кезеңдегі өмір сүрген қазақтың прогресшіл, демократ ақын-жазушыларына, зиялы қауымға тән қасиет еді.

– Бір күні, – дейді Нартай ақын, – ауылымыздың болысы менің өнерімді көре алмады ма, қайдама, әлде қызғаныш бойын биледі ме, сен ку кедейдің өлеңнен басқа дымның жоқ. Сонда да жұрт сенің айналана үйіріле түседі. Соның мәнісін айтшы, – деді. Сонда Нартай іркілместен:

– Жақсы көрс жұрт мені,
Сайрап салған әнім ғой.
Әнімнің жайы қашаннан,
Ағайынға мәлім ғой.
Ән деген әлсіз жүрекке,
Қуат алар әнім ғой.

Жек көрсеткен сені елге,
Жыланша шаққан зәрің ғой, – деп шұбырта жөнелгенде бай жанын қоярға жер таппай қатты састы, – дейді ақын жайлы бір естелікте. Мұнан ұққанымыз, болыс жұртқа жыланша зәрің шашса, ал ақын үні, жыры халық жүрегіне шипа болғандығын өрнекті де ойлы, өткір жырларымен дәлелдей түседі.

Нартай ақынның айтыстарын өнертанушылар, танымал ғалымдар қазіргі жинақталған қолда бар дүниелерге қарай бөліп жүр. Мәселен, түре айтыстары қатарына “Нартай мен Апузаның айтысы”, “Нартай мен Зеренің айтысы”, “Нартай мен Айымкүлдің сөз қағысы”, “Нартай мен Айдардың айтысы”, “Нартай мен Жібектің

Нартай ақынның қаламынан “Кедей-Талап”, “Нау-шаруан”, “Мәнсүр-Дөме дастаны” секілді дастандар туғанын біреу білсе, біреу білмейді. Бұларда кедейдің жомарттығы, шәкірт пен ұстаз сыйластығы, әйелдердің артықшылықтары өлең жолдарымен өрбиді. Нартай талай сындардан өтіп, шыңдалып, өзі де танымастай өзгерген, өз бойына орасан зор өмірлік күш-жігерді, мәдениетті, білімді, шешендікті сіңіріп, оларды қолдану шеберлігін дарытқан дарын иесі. Қазақта ақындық пен әншілікті қатар алып жүрген Ақан сері, Біржан Сал, Жаяу Мұса, Үкілі Ыбырай, Майра, Мәди, Өміре сияқты әмбебап майталмандар болғанымен, Нартай заманында олардың қатары сирек кездесетін. Сондай жан-жақты, сегіз қырлы жандардың көш басында Нартай тұрды. Нартай ел арасына ең алғаш әншілігімен танылған. Кейін жақсы жыр, айшықты сөз орамына терең мағына, күшті екпін беру үшін өзінің асқақ әндерін арқау етеді. Демек, оның композиторлық өнерінің де шоқтығы биік. Нартайдың әншілік-композиторлық өнеріне, оның қазақ көркемөнеріне өзіндік бет-бейнесімен, қолтаңбасымен енгеніне, сіңірген еңбегіне ешкім де шек келтіре алмайды. Оның мақамы, әні, өнері – қайталанбайтын құндылық. Композитордың “Нартай әні”, “Өздерің білер Нартаймын”, “Алтын көкем”, “Толқын”, “Серпін”, “Базарым өтіп бара ма?”, “Бейбітшілік”, “Аққайық жалған”, “Жеңіс жыры”, “Жаса, Қазақстаным!” сияқты толып жатқан сырлы да сиқырлы, жүрек тебіренерлік, құлаққа жағымды әндері бар. Не пайда, осы әндердің бірде-бірі ақынның өз аузынан, өз үнімен не күйтабаққа, не үнтаспаға жазылып алынбаған. Солай бола тұрса да, Нартай әуендері қалың қазақ арасына кеңінен тарап кеткен. Нартай әндерін нақышына келтіріп орындап келген, кеңінен насихаттаған марқұм Әбілаш Әбуов, Мұхамеджан Рүстемов, Арзулла Молжігітовтер болса, кейінгі буындардан әнші, ақын Құрманбек Бекпейісов, жыршы-термеші Инжу Таспанбетова, Инжу Төлєнова, Ақмарал Ноғайбаева және Шиеліде өткен “Ән еркесі – Нартай” республикалық байқауынан соң Астана, Алматы, Шымкент, Ақтау, Қызылорда қалаларынан әншілер қатары көбейіп келеді.

Мәскеуде болып, концертке қатысқан Нарекең Шашубай, Кенен, Нұрлыбек сынды сөз зергерлерімен 1949 жылы Мәскеуге екінші рет аттанып, қазақ әдебиетінің онкүндігіне қатысып қана қоймай, онкүндікті ашу мүмкіндігіне ие болады, өнерін көрсетеді. Мәскеуде Нартайға сол кездегі Одақтың бас басылымы “Правда” газеті былай баға береді: “Бекежанов Нартайдың ән шырқауы сирек кездесетін сүйкімді сазымен, нәзік әртістік ойнақылығымен ерекше көзге түседі. Оның

дауыс ырғағының өзі құлаққа қонымды, әуені әсерлі де мөлдір. Бекежановтың салған әнін отырғандар ұйып тыңдады. Оның асқақ үні мен ән ырғағы мазмұнын тыңдаушыға толық жеткізе біледі деуге болады, біз тек үздік өнер иесіне тән құбылысты аңғардық, жұртшылық не айтпақ болғанын бәрі де қапысыз түсініп отырды” дейді. /“Правда” газеті, 1949 жыл, тамыз 28-і/.

Нартай шығармашылығының белгілі деңгейге көтерілген жанры – нақыл сөз бен шешендік терме саздары. Олардың қатарына “Өмір өрнегі”, “Қызыл тілде буын жоқ”, “Әнім ғой”, “Құлақ сал, ел-халайық, үлкен-кіші!”, “Нақыл сөз”, “Нартай әні”, “Мен келемін!”, “Бала – бал”, тағы басқа туындыларын айтуға болады.

Нартай Бекежанов өзінің жан-жақты ақындық, әншілік әрі орындаушылық өнерімен халықтан лайықты бағасын алады. Қазақстан Жазушылар одағына мүшелікке қабылданады. Нартайдың ұлан-ғайыр еңбегі халық өмірімен біте қайнасып жатуы оның шабытының тасқындай түсуіне ықпал жасады. Шалқыған шабыт, төгілген тер еленбей қалған жоқ. 1939 жылы оған “Көркемөнерге еңбегі сіңген қайраткер” құрметті атағы беріліп, ал республиканың 25 жылдығының торқалы тойында “Құрмет белгісі” орденімен марапатталды. Мұнан соң 1950 жылы Нартайдың “Домбыра сазы” деген өлеңдер жинағы жарыққа шықты. Ал 1932 жылы “Өсиет” атты өлеңдер, айтыстар, дастандар жинағына алғысөз жазған ақын Әбділда Тәжібаев “Жақсылар шарапаты бүкіл қауымға жететін, барлығымызды жарылқайтын, жарататын сарқылмас қазына екен ғой” деп тебіренеді.

Міне, дарын иесінің осындай өнегелі өмір жолы бүгінде көптеген өнер иелерінің шығармаларына арқау болуда. Композитор Тасбергеновтің “Сыр саздары” атты поэмасының негізгі желісі Нартай әндерінің әсем мотивіне құрылса, жерлесіміз Мұхамеджан Рүстемов 1983 жылы “Жалын” баспасынан “Нартай” атты деректі повесін жарыққа шығарды. Сондай-ақ, жазушы Оразбек Бодыков “Бұлбұл” атты ғұмырнамалық повесть жазып, онда ақын өмірін жан-жақты көрсетіп, өз деңгейінде оқырманына жеткізе білсе, филология ғылымдарының докторы Темірхан Тебегенов кезінде Нартай шығармаларынан кандидаттық диссертация қорғаса, бүгінде ақын мұрасын терең зерттеп, кесек-кесек дүниелерді өмірге әкелуде. Академик-жазушы Әбділда Тәжібаев “Батыр мен ақын” драмалық шығармасында Нартай мен Ыбырайдың достығын дәріптеп, драматург Оразбек Бодықовтың “Нартай” атты драмасында ақынның өнер өркенін жаюы жолындағы табанды күресі, жастық шағы жан-жақты, толыққанды түрде бейнеленеді. Сондай-ақ, жазушы Оразбек Сәрсенбаевтың “Топжарған” романы мен Қазақ ССР-не еңбегі сіңген әртісі Шайтұрсын Әбдібаевтың құрастыруымен “Ән еркесі” атты естелік кітаптар жарыққа шықса, жергілікті ақын Айдар Достияровтың “Нарекең нағыз нар екен” кітабы дүниеге келді. Ал журналист Қуаныш Маханбетов Нартай шығармаларын жинақтап, “Өздерің білер Нартаймын” кітабын оқырманға ұсынды. Бұл тізімді жалғастыра берсек, танымал ақын-жазушыларымыз Асқар Тоқмағанбетов, Әбділда Тәжібаев, Мұзафар Әлімбаев, Қуаныш Баймағанбетов, Тілеген Шопашев, Сейтқасым Сейтенов, Жақсылық Сәтібеков, Мұхтар Құрманәлі, Манап Көкенов және т.б. Нартайды өз шығармаларына арқау етті. Алматы мемлекеттік архивінің құжаттары негізінде Шәкен Айманов атындағы “Қазақфильм” киностудиясы жарты сағаттық деректі кино түсірді. Нартай әндерінің жинағынан тұратын күйтабақ Мәскеуден Нартайдың 100 жылдығына орай шығарылды. Соңғы технология жетістіктері болып саналатын дискіге Нартай әндерін орындап жүрген Құрманбек Бекпейісов 14 әнді ендіріп, халыққа таратып жүр.

Жанат ӨТЕЕВА,
Н.Бекежанов мұражайының ғылыми қызметкері.



Осыдан бес жарым ғасыр бұрын Жәнібек пен Керей сұлтандардың Әбілқайыр ханнан бөлініп, жүректерінде азаттық пен бостандықтың жалыны жанған елін ертіп, Батыс Моғолстанның Шу мен Талас өзендері аралығындағы Қозыбасы аймағына қоныстанды. Осындай тарихи оқиғаның бастауы болған бұл шежіреге толы өңірдің, тауы мен тасы, әрбір басқан жері аңыз бен өткен кезеңдерден сыр шертеді.

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ТҮ ТІККЕН ӨҢІР

Мұхаммед Хайдар Дулатидың “Тарих-и Рашиди” атты еңбегінде көрсетілген Керей мен әз Жәнібектің алғашқы хандық құрып, ту тіккен жері Шу бойындағы Қозыбасы. Ол шоқы Мойынқұм ауданындағы Жамбыл тауында орналасқан. Шу өзенінің арнасы сол кезде Қозыбасы биігіне жақын болыпты. Дәл осындай тұжырымды тарих ғылымдарының докторы, профессор Мәмбет Қойгелдиев те қолдайды.

Қозыбасы, Қозыбашы – атауына келер болсақ, тарихи түп дерек көздеріндегі Қазақ мемлекеті құрылған аумақ. Этимологиялық мағынасы қозының басындай ғана тау-төбелі жерлерді білдіреді. Жетісу өңірінде бірнеше Қозыбасы бар. Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарих-и Рашиди» кітабында Қазақ хандығының құрылған жері– Шу бойы мен Қозыбасыда деп айтылады. Шу бойы мен Қозыбасы тауы – тарихи-географиялық тұрғыдан алғанда XIV-XV ғасырларда билік еткен Моғолстан мемлекетінің батыс бөлігіндегі өңір. Бұл ерте заманнан бар жер атауы. Қазақ хандығы осы Қозыбасыда шаңырақ көтерген.

Ежелден халқымыздың ұйысып, ел болған, қазақтың сахарасы атанған қасиетті Мойынқұмның төл тарихы сонау бағзы заманнан бастау алып, адамзат баласының даму тарихымен ұштасып жатыр. Көне тарихқа үңілсек, Талас пен Шу өзендерінің аңғарлары ерте заманнан адам баласының тұрағы – мекені болғандығын айғақтайтын белгілерге көптеп жолығамыз. Тарихи дерек көздеріне үңілсек, Батыс Түрік қағандығының бастапқы жері Іле, Шу және Талас өңірлерін қамтыған. Яғни, Іле мен Шу өзендері аралығын Бес нұшбе елдері мекен етті. Сол мезгілге тән деректер бұл түрік елін «он оқ елі» атады. Батыс Түрік қағандығының саяси орталығы әр дәуірде Шу өңіріндегі Суябта, Баласағұнда және Меркіде орналасты. Бұл қалалар өз заманында қайнаған саяси өмірдің куәсі болды...

Осындай ғасырлар қойнауынан бастау алатын қазақ халқының қалыптасуы Қазақстан аумағында ежелгі замандардан бері үздіксіз жүрген этноүрдістердің заңды қорытындысы екені ғылымда дәлелденген тұжырым. Этногенез үрдісі әрбір тарихи кезеңде өзіне тән айрықша белгілермен ерекшеленеді. Сондай ерекше кезеңге XIV – XV ғасырлардағы этноүрдістер жатады. Бұл кезеңнің басты белгілерінің біріне – қазақ халқының этнос ретінде тарих төріне шығуы жатса керек.

Байырғы Қазақ даласын ғасырлар бойы мекендеп келе жатқан түркі-оғыз текті ұлыстар негізінде қалыптасқан ортақ тіл, дәстүр, территория, менталитеттегі байырғы супер этностың қайтадан «қазақ» деген жаңа атпен тарих сахнасына шыққан кезі. Яғни, бұрыннан әр түрлі аталып келген (сақ, ғұн, үйсін, түрік, оғыз, түркеш, қыпшақ, т.б.) этнос жаңа этнонимге ие болды. Жаңадан пайда болған «қазақ» этнониміне байланысты, олардың мемлекеті «Қазақ хандығы» деп аталды. Жаңа атауға және жаңа статусқа ие болды. Демек, XV ғасырдың 60-жылдарында-ақ, Қазақ хандығы ұлттық құрамы, аумақтық тұтастығы, мемлекеттік басқару жүйесі, сондай-ақ ішкі-сыртқы саясаты жағынан қалыптасқан мемлекет ретінде өмір сүріп тұрды. Әрине, оған қазіргі таңдағы халықаралық қатынастар жүйесіндегі «мемлекет» өлшеммен қарауға келмейтін. Оның үстіне, «мемлекет» деген ұғымның өзі тарихи мәнге ие. Оған ұдайы даму, кемелдену негізіндегі тарихи үдеріс ретінде қарау керек. Өйткені, Қазақ хандығы құрылған XV ғасырда дүниежүзіндегі барлық елдер, яғни мемлекеттер біздің бүгінгі ұғымымыздағы мемлекеттік өлшемге жауап бере алмайтын. Демек, Қазақ хандығы алғаш құрылған күннен бастап, сол кездегі Еуропа мен Азияның кез-келген елімен тең тұра алатын.

Мұндағы ең басты себеп, бұған дейін де Қазақ жеріндегі мемлекеттілік дәстүрдің тамыры тым тереңде жатқандығы еді. Қазақ даласы Орта Азияны айнала жатқан ежелгі өркениетті әлеммен ежелден қоян-қолтық байланыста дамыған аймақ. Бір ғана ерте заман кезеңін қарастырсақ, қазақ халқының этникалық тегі мен мемлекеттілігінің екі үлкен негізі болды: ол ортаазиялық және солтүстіказиялық негіз, яғни, ежелгі сақ және ғұндық негіз.

Қазақ халқының этногенезі мен ұлт болып қалыптасуына ұйытқы болған географиялық мәндегі ортаазиялық және солтүстік азиялық негізге Солтүстік Қытайдағы Орталық Хуанхэ бассейні, Монғол үстіртінен бастап Каспий теңізіне, Сыр бойына дейінгі ұланғайыр дала жатады. Ал этникалық негізге осы далада өмір сүрген көне ғұндар мен сақтар кіреді. Тарихи деректер көне

ғұндар мен сақтардың тегі бір екенін және олардың бір кезеңде өз алдына жеке дара мемлекет ретінде өмір сүргенін көрсетеді.

Солардың жалғасты келесі көрінісіне түрік дәуіріндегі үдерістер жатады. Түрік қағанатының тұсында оның құрамында болған халықтардың бәрі «түріктер» деп аталып кетті. Қазақты құраған тайпалар да жалпылама түрде түріктер деп аталады. Қазір де «түрік тектес», «түркітілдес» деп аталамыз. Түрік тілінің негізгі үш тілдік топтан: оғыз, қарлұқ, қыпшақ тілі топтарынан тұратыны белгілі. Қазақ тілі соның соңғысына кіреді. Өйткені Қазақстан аумағында XI ғасырдан бастап қыпшақ тайпаларының саяси белсенділігі артады да, саяси құрылымы қалыптасады. Қыпшақ хандығы бұрынғы аумақтағы этникалық үдерістерді одан әрі тереңдетеді. Халықтық үдеріс өз мәресіне біртабан жақындайды. Соның нәтижесінде қазіргі Қазақстан аумағы Дешті Қыпшақ деп аталынып, барлық тайпалары жалпы атаумен «қыпшақтар», мемлекеті «Қыпшақ хандығы» деген атауға ие болады. XIII ғасырдың басындағы моңғол жаулап алушылығы қыпшақтардың саяси құрылымын жойғанымен, этникалық дамуын жоя алмады, тек уақытша тежей алды. Одан кейінгі этносаяси және рухани дамулар барысы моңғол тайпаларын қыпшақтардың арасына сіңістіріп жіберді. Ақырында жаулап алғаннан кейін бір ғасырдан астам уақыт өте келе, Дешті Қыпшақта моңғолдардан ешқандай із де қалмайды. Жаңадан қалыптасқан этноқауымдастық «қыпшақтар» немесе «өзбектер» деп атала бастады. Араб деректерінде соңғы атау жиі қолданылады. Алтын Орда оң қанат және сол қанат боп екіге бөлінгенде, «өзбек» атауы оң қанатқа қатысты, ал сол жаққа, яғни Қазақстан жағына қатысты «көшпелі өзбектер» атауы айтылады. Көшпелі өзбектердің өзі маңғыттар, шибандықтар, ордаежендіктер деп үшке бөлінген. Әбілқайыр хандығының ыдырауының бас

кезінде одан алдымен маңғыттар бөлініп шығып, Ноғай ордасын құрады. Шайбандықтардың өзі екіге бөлінеді. Бірі Иадгар ханды қолдаса, басым бөлігі Әбілқайыр хан жағында болады. Ал, ордаежендік тайпалар болса Керей мен Жәнібек хандарды қолдайды. Көшпелі өзбектерден бөлініп шыққан осы топ Қазақ хандығының этникалық негізін қалайды. Қазақ хандығының қалыптасу, даму тарихын зерделеп жүрген тарихшыларымыздың бірі, тарих ғылымдарының докторы Берекет Қарібасев бұл туралы – «Ең алдымен Қазақ хандығының құрылуы Қазақстан жеріндегі мемлекеттіліктің және саяси дамулардың заңды қорытындысы болып саналады. XV ғасырдың екінші ширегінде Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында Әбілқайыр хандығы болғаны белгілі. Әбілқайыр хандығының сол кездегі ішкі-сыртқы саяси жағдайы, әсіресе көршілес Моғолстан, Мәуереннахр мемлекеттерімен, Сібір хандығымен, маңғыттармен жүргізген саяси қарым-қатынастары Қазақ хандығының құрылуына қолайлы саяси алғышарттар туғызған. Керей мен Жәнібектің Моғолстанға қарай жылжуына көшпелі өзбектер мен моғол билеушілері арасындағы сол тұстағы саяси жағдай тікелей әсер етеді. Қазақ хандығының негізін салушылар қалыптасқан саяси жағдайды шебер пайдаланып, Моғолстанның батысындағы Жетісу жеріне келеді. Соныменен, Қазақ хандығы XIII-XV ғасырлардағы Дешті Қыпшақ пен Орта Азиядағы әлеуметтік-экономикалық, саяси-этникалық дамудың заңды қорытындылары нәтижесінде пайда болды. 1455 жылы Керей мен Жәнібек Моғолстанға көшіп келуі мен Қазақ хандығының құрылу үдерісі басталса, 1470-1471 жылы Жәнібек хан Дешті Қыпшақтағы билікті толық өз қолына алуымен Қазақ хандығының құрылу үдерісі аяқталады. Одан әрі қазақ хандығының күшею дәуірі басталады. Сөйтіп, XV ғасырдың 50-70 жылдары арасында Әбілқайыр хандығынан Жетісудың Шу мен Талас өзендерінің жазығына 200 мыңдай адам көшіп келді. Олардың бұл жерлерге қоныс аударуының бір себебі, Әбілқайырдың қол астында қанаушылықтың күшеюі болса, екінші бір себебі, оларды Шыңғыс әулетінен шыққан Керей хан мен Жәнібек ханның жаңа қалыптасып келе жатқан қазақ халқының дербес мемлекетін құру, оның тәуелсіз саяси және экономикалық дамуын қамтамасыз ету жолындағы қадамы мен қызметі өзінің ықпалын тигізді. Олардың халық қолдаған дербес мемлекет құру саясатының нәтижесінде Жетісудағы рулар мен тайпалар мемлекет бірлестігінің орталығына айналды. Жәнібек қазақ хандығының тұңғыш шаңырағын көтерген Барақ ханның ұлы, ал Керей оның ағасы Болат ханның баласы. Барақтан басталатын қазақтың дербес мемлекеттігі жолындағы күресті оның туған ұлы мен немересінің жалғастыруы, әрине, табиғи құбылыс», – дейді.

Хандықтың құрылуының қазақ халқы үшін маңызы өте зор. Ұлттық сипаттағы қазақ мемлекетінің тарих төріне шығуымен Дешті Қыпшақ аумағында көптеген өзгерістер болды. Мысалы, қазақ жеріндегі бұрынғы этникалық үдерістердің бәрі бір арнаға тоғысады да, әртүрлі этнотоптардың бәрі ортақ саяси жүйеге біріктірілді. Олардың этникалық атауы – «қазақ», мемлекеті – «Қазақ хандығы» аталына бастады. Тарихшыларымыз Қазақстан тарихындағы XV ғасырдың ортасы мен XVIII ғасырдың 30-жылдарына дейінгі кезенді «хандық дәуір» немесе «Қазақ хандығы дәуірі» деп атады. Жалпы алғанда, қазіргі кездегі «қазақ тілі», «Қазақстан Республикасы», «қазақтар», «Қазақстан» деген терминдердің бәрінің бастауында Қазақ хандығының құрылуы жатыр. Қазақ хандығының құрылуы XV ғасырдың ортасынан XIX ғасырдың I ширегі аралығындағы қазақ халқының ұлттық сипатта қалыптасқан мемлекеті болып саналады.

Қазақстан Республикасының Президенті – Ұлт Көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің – «Тарих толқынында» атты кітабында: «Қазақ хандығы – Орталық Азиядағы тұңғыш ұлттық мемлекет. Егер біз мемлекет болғымыз келсе, өзіміздің мемлекетімізді ұзақ уақытқа меңзеп құрғымыз келсе, онда халық руханиятының бастауларын түсінгеніміз жөн. Тарих сабақтарын ұдайы, ұрпақтан ұрпаққа игере беру керек екеніне менің сенімім кәміл», – деп тарихи маңызы зор тұжырым жасады.

А.АБДУАЛЫ,
тарих ғылымдарының докторы, профессор,
Ж.СЕЙІТҚҰЛОВА,
тарих ғылымдарының кандидаты, доцент.

БЕСАСПАП ҚАЛАМ ИЕСІ

Айдынды Арал өңірі қашан да таланттардан кенде болмаған. Олардың арасында қоныр домбыраға тіл бітірген дәулескер күйшілер де, құлақ құрышын қандырған жез-таңдай әншілер де, қыл қаламды серік еткен суретшілер де, қара сөзден өлең өрген ақындар да, қоғам тамыршысы саналған жур-налистиканың шыңына шыққан қарымды қаламгерлер де баршылық. Солардың бірі – қамшының сабындай қысқа ғұмырын журналистикаға арнаған Ыбырай Әлжанұлы ағамыз болатын.



Орта мектептің жоғары сыныптарында аудандық “Толқын” газетіне аракідік барғанымызда, толқынды қара шашын кейін қайырған тұлғалы жас жігіт жылыұшырай кететін. Мамандық таңдау турасында шынайы ой бөлісіп, ақыл-кеңесін айтудан жалықпайтын. Өзін Ыбырай Әлжанов деген ағаларың боламын деп таныстырған сол жанашыр жанмен арада жиырма жылға жуық уақыт өтіп, облыстық радиоға қызметке келгенімде қайта ұшырастық. Ол осында аға редактор қызметін атқарады екен. Сондықтан әуе толқынына күн сайын берілетін хабарлар алдымен сол кісінің сүзгісінен өтетін.

Бүгінгі әңгімемізге арқау болып отырған бар болғаны қырық бес жыл ғұмыр кешкен белгілі радиожурналист Ыбырай Әлжанұлы неміс-фашист басқыншыларына қарсы Ұлы Отан соғысындағы жеңістің ауылы жақын қалған жиырма бесінші наурызда Арал ауданындағы Бекбауыл елді мекенінде қарапайым отбасында өмірге келген. Ыбекеннің әкесі байырғы теміржолшы Әлжан ақсақал шаңырақтың ұйытқысы Дариха анамыз екеуі төрт ұл мен бір қызды өмірге әкеліпті. Туған топырақтағы жетіжылдық мектепті бітіргеннен кейін болашақ қаламгер Қамбаштан орта білім алып шығады. Талапшыл жас қанша жерден білімге құштар болса да, ата-ананы тастап, ауылдан ұзап кете алмапты. Сонымен ата жолын жалғастырып, Бекбауыл бекетіне теміржолшы болып орналасқан шаңырақтың кенжесі 1963 жылы Алматы қаласындағы С.М.Киров атындағы қазақ мемлекеттік университетіне оқуға түсіп, оны 1968 жылы тарих мамандығы бойынша тәмамдаған.

Қаршадайынан қағаз бен қаламға бейім болған Ыбырай аға ақыры жүрек қалауымен сол жылы Арал аудандық “Толқын” газетіне тілші болып орналасты. Басылымның күнделікті материалдарынан бөлек оның өлеңдері, мысалдары жиі жарияланып тұрды. Оқырмандардың ыстық ықыласына бөленген Ыбекен сонау сексенінші жылдары облыстық телерадио компанияға редакторлық қызметке шақырылған. Ұжымның абыройын асқақтатқан ол өмірінің ақырына дейін әріптестерінің сеніміне селкеу түсірмей, тынымсыз еңбек етті. Қазақстан Журналистер одағы мүшесінің осынау еңбегі басшылық тарапынан ескерусіз қалмады. КСРО және республика теледидары мен радиосы мемлекеттік комитеті мен облыстық атқару комитетінің Құрмет грамоталары және мерекелік медальдары осынау өлшеусіз еңбектің өтеуі десек болады.

Құлаққа жағымды қоныр даусымен өзі дайындаған хабарларын эфирде диктордың көмегінсіз-ақ жүргізе беретін бесаспап қалам иесі өмірінің соңғы жылында тосыннан келген сырқатқа душар болды. Алдымен Қызылорда қаласындағы теміржолшылар, одан кейін облыстық ауруханада дертіне шипа тілеп емделгенімен, айықпас кесел атпал азаматты 1990 жылы көктем айының алғашқы күнінде алып тынды. Міне, одан бері де тура ширек ғасыр өтіпті.

Дана халқымыз: “Артында бар – оңалар” деп бекерге айтпаса керек. Отбасының алтын дінгегі Ыбырай аға өмірден ерте озса да, оның құдай қосқан қосағы Ханшайым жеңгеміз бауырынан өрбіген алты ұл-қыздың өмірде өз орындарын табуларына бағдаршам бола білді. Көпсініп қайтеміз, қазір ол Ыбырай әулетін жалғастырушы он төрт немере мен үш шөберенің ақылгөй әжесі.

Иә, талай ізбасарларының талабын ұштай білген ағеден ағамыз Ыбырай Әлжанұлының алар асулары мен бағындырар биіктері көп болатын. Ол биыл жетпіс жасқа толар еді. Бірақ, шығармашылық жолдағы ұстаздарымның бірі болған Ыбырай ағаның осынау жетпістің желкеніне шыққанында құттықтау емес, керісінше естелік арнауыма тура келіп отыр. Жатқан жерін жайлы, иманың жолдас болсын, ағеден аға!

Бақтыбай БЕРДІБАЕВ.

Бісмiллә деп сөз бастадым, сүйенiп бар дерекке,
Жыр арнайын мәуелеген Бала бидей терекке.
Елге елеулi Есенәлi атты шаруа болыпты,
Ақмешiт пен Түркістанның ортасында Жөлекте.

Болмаса да жұрттан асқан байлық пенен көмбесi,
Парасатты пайымымен жоқ болыпты теңдесi.
Тай күнінен топқа түсiп, би атанған Бименбет
Есенәлi атамыздың бес ұлының кенжесi.

Сол Бименбет бала күннен естi сөздi аңғарып,
Жүрген екен жүрегiнде шешендікпен шам жанып.
Әкесінен ерте қалып, ағаларға қосшы боп,
Еңбек еткен егін егiп, азын-аулақ мал бағып.

Бала күннен тектi сөздi санасына сыйдырып,
Еркелікпен көрсетпептi оғаш мiнез, қиғылық.
Жамау көңiл, жадау өмір көрiп өскен Бименбет
Есін ерте жиып өстi, шарболаттай ширғыып.

Қыпшақ халқы қашаннан да
еркін әрі ерікті,
Талай-талай қиындық пен
қуанышты көріпті.
Қыпшақтағы Бұлтыңдарға аға
болған Арғынбай
Есенәлі ел-жұртынан хал
сұрауға келіпті.

Ел ағасы Арғынбайдың мойынында міндет көп,
Туыстары қарсы алады ел датқасын құрметтеп.
Ет желініп, сорпа ішіліп, бас тартылып болған соң,
Арғынбай би тысқа шықты, ел жағдайын білмек боп.

Жан жағына тұрды қарап, ел-жұртына нұрлана,
Қандай ғажап ел түтiнi, қандай тәттi түнгi ауа.
Қарсы тұрған киіз үйде қатарласын жиып ап,
Жүйесімен әңгіме айтып отыр екен бір бала.

Жеткіншекке мүмкін емес, қарамауың таңданбай
Қос жанары жалт-жұлт етер, білтелі шам жанғандай.
Мақалдатып сөздің майын тамызып тұр бір бала,
Майдан қылшық суырғандай, сүттен қаймақ алғандай.

Бәтуасыз бос қылжыққа аттың ізін салдырмай,
Жас та болса, әрбір сөзі жайқалған көк шалғындай.
Ертеңгілік ел келген соң жамағатты шақырып,
Балғын жастың кім екенін сұрастырды Арғынбай.

Жас та болса, сүбелі сөз саптап өскен санасы,
Бәлкім осы бала болар, ертең елдің данасы.
Арғынбайға әсер берген шынашақтай жас бала
Болып шықты Есенәлі ағасының баласы.

Датқа келген жерге жұрттың барлығы да жиналды,
Бұл Арғынбай елге сыйлы, жайсаң жан-тын иманды.
Көпшіліктен бата сұрап, Бименбеттей өренді
Ел ішінде қасыма алып жүрейін деп ұйғарды.

Тапқырлығы үлгі болар, әлі талай ғасырға,
Бименбеттей зерек ұлан ұқсап өскен жасынға.
Атын ерттеп, сөзін тыңдап бір жарым ай жүріпті,
Бар Бұлтыңға аға болған Арғынбайдың қасында.

Арғынбай би парасатты, пайымды жан алды ашық,
Бір сөзбен-ақ бітім кескен жүргендерге жауласып.
Бір күндері екі жігіт би алдына келіпті,
«Қанжығамды ұрлады» деп қайыс бауға дауласып.

Кішкентай бау абдыратты Арғынбайдай бұлақты,
Әлгі кулар қайыс даулап, ел датқасын сынапты.
Осы сәтте жанарынан от жалындап Бименбет
– Осы даудың билігін мен айтайын, – деп сұрапты.

Би келісті көкірегін қуанышты күй кернеп,
Балғын ұлан топқа түсті қызыл тілі сүйреңдеп.
«Қанжыға бау тон сақтайды, ал тон жанды сақтайды.
Бір қой айып» деп шешімін шығарыпты Бименбет.

Арғынбай би мақұлдады, дау осылай тарады,
Екі жігіт қол алысты. Талас бітті жаңағы.
Кішкентай бау үлкен дауға айналмасын деп шешкен
Ел құптады Бименбеттей кіп-кішкентай баланы.

Осылайша жас Бименбет шуақ болып себіле,
Нұр кіргізді Арғынбайдың көңілінің төріне.
Бір жарым ай қасына ертіп, ақыл-кеңес үйретіп,
Бименбетті алып келді туған ауыл еліне.

Арғынбай би елге келді, аралап жат-жақынды
Ет асылды, шәй қайнады, сабасын жұрт сапырды.
Екіндіге күннің көзі енді іліне бергенде,
Датқа Арғынбай бүкіл елді Күлтөбеге шақырды.

Ауыл-аймақ түгел келді қалмай қарт пен жастары,
Самал желпіп, нұр төгіп тұр туған жердің аспаны.
Датқа Арғынбай орнынан көтеріліп тұрды да
– Сіздерге айтар ұсынысым бар еді, – деп бастады.

Көру үшін осы елдің жаңалық пен жаңасын,

Тыңдау үшін туған елдің тағылымы мен данасын.
Білесіздер, бір жарым ай ертіп жүрдім жаныма
Есенәлі ағамыздың кіп-кішкентай баласын.

Бұл баланы талай салдым дау-дамай мен сынаққа,
Тосылмады, жауап берді сүрінбей бар сұраққа.
Егер бәрің келіссендер, ел билігін берейін
Бименбеттей жас жеткіншек, жайқалған жас құраққа.

Ақыл жастан шығады деп аталатын мақал бар,
Ой-санасын ұштайды әлі шыққан жол мен сапарлар.
Біздің елден би ұланның шыққандығын ел білсін –
Бұдан былай Бименбетті Бала би деп атаңдар!

Бір ауыздан ел қолдады Арғынбайдың шешімін,
Бүкіл қауым қабыл алды датқасының кесімін.
Осылайша томағасы сыпырылып қыранның
Бүкіл Қазақ білді жап-жас Бала бидің есімін.

БАЛА БИ

Бала датқа-би, шешен боп жалғап елдің үмітін,
Туған елдің болашағын ойлай білді күні-түн.
Бір күндері, Сырдың арғы бетіндегі көршілер
Андаусызда өлтіріпті Қыпшақтың бір жігітін.

Бұл істен соң аз Қыпшақтың көңілдері сетінен,
Көршілерге жігіт құнын даулай барды екі рет.
Ал қоңсылар сөзге келмей, теңдік бермей, құн бермей
Қыпшақтарды қайтарыпты көрсетіп сес, көкірек.



Таластарда, тартыстарда – таймай табан тіресіп,
Жүрген кезі Бала бидің көңіліне гүл өсіп.
Азаматтың құнын даулап, көршілерге бір жолы
Бала би де ере барды көпшілікпен ілесіп.

Даушыл қауым ердің құнын даулай барды тағатпен,
Көршілерге кісі ақысын төлететін талаппен.
Қарсы жақ та ақын, батыр, би, шешенін жидырып,
Қыпшақтарды қарсы алады қатулы қас-қабақпен.

Мына келген азғантай топ қай таласты шешеді,
Үлкені кім, бегі қайсы, кім кесімді кеседі?
Келген даушыл жамағатты көзбен шолып алды да,
Сөз бастады қонақ күтіп жатқан елдің көсемі.

Былай деді: Ал, Қыпшақтар белгілі ғой өрлігің
Өрлігің мен ерлігіңе шек келтірем мен бүгін.
Кемпір өлген, келін түскен жиынға кеп тұрмысың,
Сары тісті, ақсақалдар дауламай ма ер құнын?

Тарихтан біз білуші едік – өжет, өткір Қыпшақты
Сол Қыпшақтар осы жолы бала ісін ұстапты.
Ойнағындай жас баланың, тайлағындай түйенің
Мынау кім деп, топ ішінен Бала биді нұсқапты.

Жас балаға көзін тікті отырғандар жинала,
Ал жас ұлан тұрды орнынан, сүйеніп ар-ибаға.
Ассалаумағалейкүм деп, басын иіп баршаға
– Жөн айтасыз ақсақал, – деп, сөз бастады би бала.

– Жастайымнан елім, жұртым баулып ақыл-кеңеске
Ағайынның намысы үшін түстім бүгін егеске.
Бұрынғылар: «Ердің құнын жас жайсаңы немесе,
Кәрілердің сайтаны кеп даулар» деген емес пе?

Осылайша жас Бала би аттың басын іркімей,
Топ ортаны тіліп өтті найзағайдай күркірей.
Неткен дауыс, неткен жүрек, неткен ақыл-парасат
Екі жақ та тым-тырыс боп тына қалды сілтідей.

Бір сөзбен-ақ шешті солай, неше жылғы керісті
Кісі өлтірген ел ер құнын төлейміз деп келісті.
Сұңғыла ой, өткір тілді, жүрек жұтқан Бала би
Туған жерге желбіретіп алып келді жеңісті.

Жылдар жылжып, айлар өтіп талай жерге көш қонды,
Ал Бала би ел-жұртына айбар болды, сес болды.
Есейген соң, етек-жеңін жинаған соң Бала би
Дау-дамайға ертіп жүрді Көзей Қыпшақ Досболды.

Қайда болсын қатар жүріп Қыпшақтағы қос құлын,
Елін-жерін сөзбен қорғап, өткізбеді бос күнін.
Бүкіл Қазақ, барлық қауым Қыр мен Сырдың арасы
Аңыз қылды Балаби мен Досбол датқа достығын.

Екі қыран көкке бірге қанат жайып нұрланды,
Бүкіл ел-жұрт екеуінің достығынан үлгі алды.
Сан додада қатар шауып, үзенгі бір қағысып,
Айтыс, тартыс, жанжал, дауға жұбын жазбай бір барды.

Екі қыран бір аспанда бірге қанат қаққасын,
Ішкі дауға, сыртқы жауға бірге бұрған ат басын.
Өңгімені созбақтамай тура бастап Бала би
Ортасында сұрайды екен Досбол бидің шақшасын.

Ал Досбол би ағасына беріп шақша, жарғағын,
Жалғастырып кетеді екен би сөзінің ар жағын.
Нақты айтып әрбір істің қояды екен нүктесін –
Жауласқан жақ қалады екен, тістеп-шайнап бармағын.

Ел дегенде көңілінде күмбір қағып, күй бекем
Екі датқа қатар жүріп, елдің қамын жейді екен.
Дауды шешіп қайтқан кезде Бала биі Досболға:
«Менің бағым артық, сенің тілің артық» дейді екен.

Топқа түскен әр тартыста қыздырып қос шекені,
Сөздерінің, ойларының болмапты еш кетеуі.
Бірі аға, бірі іні боп бірге туған бауырдай,
Өле-өлгенше жарасыпты, сыйласыпты екеуі.

Бұл Балаби – ел жұртының үкілеген пырағы,
Досбол датқа – бүкіл елдің көңілінің құрағы.
Батыс, Шығыс, Қыр менен Сырға атақтары жайылған
Бала би мен Досбол датқа – Қыпшақтың қос қыраны.

Екі датқа бір жүрген соң, тыныш болып ел-қауым,
Өтірік пен ғайбат, бос сөз көтермепті желбауын.
Құдайменді, Жаназарлар қылышымен қорғаса,
Екі шешен қызыл тілмен шешіп жүрді ел дауын.

Хақ Тағала екі биге сөзбен сыйлап несіпті,
Даналықпен қорғай білді туған ел, жер бесікті.
Тартыстарда сөзді бастап, түйін түйіп Бала би
Сол түйінді Досбол датқа шеберлікпен шешіпті.

Ел дегенде, жер дегенде көңілдері үлбіреп,
Сан тартысты, дау дамайды талай қайтқан тілгілеп.
Тарихтағы егіз тұлға – Бала би мен Досбол би,
Бірге жүрді егіздей боп шын достықты үлгілеп.

Елін-жерін бастырмаған жау, дұшпан мен босқынға,
Дау-дамайда таласқанды қуып тыққан көш қырға.
Бақилық боп кеткенменен ел жағдайын бақылап,
Оқшы Ата қорымында қатар жатыр қос тұлға.



PS. Тауып айтқан әрбір сөзі – жаңғыратын санада,
Қаймықпастан әділ шешім айтқан хан мен қараға.
Ер есімі ел есінде мәңгілікке жүрсін деп,
Жыр арнадым бір туар ұл – Бала бидей бабаға.

Бұл Бала би – заманының топтан озған тұлпары,
Әділдік пен ізгілікті іздеп өткен сұңқары.
Асын беріп, бір ауылға Бала би деп ат беріп,
Есіне алып, дұға қылып жүр бүгінде ұрпағы.


Ел-жұртының қамы үшін отқа түскен – Бала би,
Шындық үшін шыжғырылып шоққа түскен – Бала би.
Құлын күнде – тай, құнанды басып озып, таң қылып
Он жасында ойын қумай, топқа түскен – Бала би.

Өзің жайлы тың деректер әлі талай табылар,
Болар бала болып өстің маңдайының бағы бар.
Ұшталмаған қаламыммен өзіңе арнап жыр жаздым –
Қайран баба, толғауымды комсынбастан қабыл ал!


Талғат КҮЗЕМБАЕВ.
Шиелі ауданы.

«Бірегей, зиятталық тұқым, бірінші, екінші және үшінші көбіейтін тұқым өндірушілерді және тұқым өткізушілерді аттестаттау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 2-қосымша

Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығы көрсетіле отырып, құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) арасындағы рәсімдер (іс-қимылдар) реттілігінің сипаттамасы




Көрсетілетін қызметті алушы не оның өкілі Орталыққа жүгініп келеді:



«Бірегей, зиятталық тұқым, бірінші, екінші және үшінші көбіейтін тұқым өндірушілерді және тұқым өткізушілерді аттестаттау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 3-қосымша


Мемлекеттік қызмет көрсетуге тартылған графикалық нысанды ақпараттық жүйелердің функционалдық өзара іс-қимыл диаграммасы

Көрсетілетін қызметті алушы немесе оның өкілі портал арқылы жүгініп келеді




«Бірегей, зиятталық тұқым, бірінші, екінші және үшінші көбіейтін тұқым өндірушілерді және тұқым өткізушілерді аттестаттау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 4-қосымша

«Бірегей, зиятталық тұқым, бірінші, екінші және үшінші көбіейтін тұқым өндірушілерді және тұқым өткізушілерді аттестаттау» мемлекеттік қызмет көрсету бизнес-процестерінің анықтамалығы




«Бірегей, зиятталық тұқым, бірінші, екінші және үшінші көбіейтін тұқым өндірушілерді және тұқым өткізушілерді аттестаттау» мемлекеттік қызмет көрсету бизнес-процестерінің анықтамалығы



Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы « № _____ қаулысымен бекітілген

«Тұқым шаруашылығын дамыту субсидиялау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті




«Тұқым шаруашылығын дамыту субсидиялау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 1-қосымша

Құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) арасындағы әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) реттілігі мен ұзақтығы көрсетілген рәсімдер (іс-қимылдар) сипаттамасы




«Тұқым шаруашылығын дамыту субсидиялау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 2-қосымша



«Тұқым шаруашылығын дамыту субсидиялау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 2-қосымша

Мемлекеттік қызмет көрсетуге тартылған графикалық нысанды ақпараттық жүйелердің функционалдық өзара іс-қимыл диаграммасы



ҚЫЗМЕТКЕ КОНКУРС

«Сырдария ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, индекс: №120600, Теренөзек кенті, Абай көшесі №31, анықтама үшін телефондары: 8(72436)22-5-19, syr_kadr@mail.ru «Б» корпусы бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға конкурс жариялайды:

1. **Сырдария аудандық жер қатынастары бөлімінің бас маманы (Е-R-4 санаты, №13-1-1-3, 1 бірлік).** Лауазымдық жалақысы мемлекеттік қызмет өтіліне қарай 56376 теңгеден 76235 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

Негізгі функционалдық міндеттері:

Жерге орналастыруды жүргізуді ұйымдастыру және жер учаскелерін қалыптастыру жөніндегі жерге орналастыру жобаларын қарау, ұсыныс беру. Мемлекет жеке меншікке сататын нақты жер учаскелерінің кадастрлық (бағалау) құнын анықтау жұмыстарын жүргізу. Жер учаскелерінің бөлінетіндігі мен бөлінбейтіндігін анықтау жұмыстарын жүргізу. Елді мекендер аумағының жер-шаруашылық орналастыру жобаларын әзірлеуді ұйымдастыру. Жер сауда-саттығын (конкурстар, аукциондар) жүргізу жұмыстарын әзірлеу, есебін жүргізу. Жер учаскесін сатып алу-сату шарттары мен жалдау және жерді уақытша өтеусіз пайдалану шарттарын жасасу және жасалған шарттар талаптарының орындалуын бақылауды жүзеге асыру, есебін жүргізу. Жер Кодексінің 71-бабына сәйкес ауданның жергілікті атқарушы органының іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін жер учаскелерін пайдалануға рұқсат беруі жөнінде ұсыныстың жобаларын дайындау. Ауыл шаруашылығы алқаптарын бір түрден екіншісіне ауыстыру жөнінде ұсыныстардың жобасын дайындау. Ауылшаруашылық мақсатындағы жер учаскелерінің паспорттарын қабылдау және тіркеу жүргізу. Жер қатынастар саласындағы заңдарды сақтау мәселелері төңірегінде туындаған сұрақтар мен дауларды шешу жөніндегі жұмыстарды жүргізу. Қажетті картографиялық ақпараттарды жинау және ұдайы жаңартып отыру. Қызылорда облыстық жер қатынастары басқармасы және Жер ресурстарын басқару комитетінің аумақтық жер инспекциясымен салыстыру жүргізіп, жер ресурстарын есепке алу бой-

ынша нысандар бойынша есеп беру. Мемлекеттік жер кадастрын жүргізетін, жер қатынастары және жерге орналастыру мәселелері бойынша мүдделі органдармен байланыс орнату. Қазақстан Республикасының Жер Кодексі және басқа да заңнамалық келісімдерге сәйкес жұмыстар жасау. Қазақстан Республикасының заңдарымен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асыру, бөлім басшысының тапсырмаларын орындау.

Үміткерлерге қойылатын негізгі талаптар:

Ауылшаруашылық ғылымдары (жерді мелиорациялау, баптау және қорғау немесе су ресурстары және суды пайдалану) немесе қызмет көрсету (жерге орналастыру немесе кадастр) мамандықтары бойынша жоғары білім.

Жұмыс тәжірибесі талап етілмейді.

Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес облыстарда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі ауыл шаруашылығы, ветеринария және экология (жерге орналастыру) мамандығы барларға рұқсат етіледі.

2. **С.Сейфуллин ауылдық округі әкімі аппаратының жетекші маманы (Е-G-4 санаты, индексі: №30-1-4) - 1 бірлік.** Лауазымдық жалақысы мемлекеттік қызмет өтіліне қарай 48047 теңгеден 64704 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

Негізгі функционалдық міндеттері:

Қазақстан Республикасы Президенті Жарлықтары мен Қазақстан Республикасы Заңдарының, Үкімет Қаулыларының, облыс және аудан әкімдігі қаулыларының, облыс, аудан әкімдерінің өкім, шешімдерінің орындалуын қамтамасыз ету. Ауыл әкімі аппаратында рәсімделетін барлық нормативтік-құқықтық актілер мен өкім, шешім, басқа да іс-қағаз, құжаттардың тиісті заң, ереже, нұсқаулық талаптарына сай рәсімделуіне бақылау орнатып, қамтамасыз ету. Әкімнің жеке қабылдауына келген азаматтар мен жеке және заңды тұлғалардан келіп түскен арыз-шағымдар және сенім телефоны бойынша жүргізілетін

«Қызылорда қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, 120000, Қызылорда қаласы, Ы.Жақаев көшесі, 16 үй, анықтама үшін телефондары: 8(7242) 400953, 400954, person.kadr2013@mail.ru «Б» корпусы бос әкімшілік лауазымға орналасуға конкурс жариялайды:

Қызылөзек ауылдық округі әкімі аппаратының жетекші маманы (Е-G-4 санаты /№17-1-7/- 1 бірлік). Лауазымдық жалақысы мемлекеттік қызмет өтіліне қарай 48047 теңгеден 53800 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

Негізгі функционалдық міндеттері:

1. Салық салу объектісі болып табылатын жеке тұлғалардың (тұрғындардың) жылжымайтын мүліктерінің (жер және тұрғын үй) есебін жүргізу және қадағалау, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді жинауға жәрдемдесу;

2. Әскер қатарына шақырылатын жастарды тіркеу, есепке алу, әскерге шақыру мен әскери борышын өтеп келгендердің тіркелуін қамтамасыз ету, ай сайын, тоқсан сайын мәліметтер ұсыну;

3. Қызылорда қаласы әкімдігінің ресми интернет ресурсына тиісті мәліметтер ұсыну, сол сияқты күнделікті қарап, өткізілген шаралар жөнінде ақпараттар ұсыну;

4. Ауылдық округ аумағында шағын және орта бизнесті дамытуға, кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың жергілікті жерде орындалуына жұмыс жасау, шағын және орта бизнес өкілдеріне мемлекеттік қолдау көрсету жөнінде ұсынымдар әзірлеу;

5. Жетекшілік ететін салаларын дамыту бойынша ұсынымдар әзірлеу;

6. Азаматтардың өтініштерін, арыздарын, шағымдарын қарау, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау жөнінде шаралар қолдану;

7. Азаматтар мен заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасы Конституциясының, заңдарының, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметі актілерінің, орталық және жергілікті мемлекеттік органдар нормативтік құқықтық актілерінің нормаларын орындауына жәрдемдесу;

8. Шаруа (фермер) қожалықтарын ұйымдастыруға, кәсіпкерлік қызметті дамытуға жәрдемдесу;

9. Өз құзыреті шегінде әскери міндеттілік және әскери қызмет, азаматтық қорғаныс, сондай-ақ жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру туралы мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасының орындалуын ұйымдастыру және қамтамасыз ету;

10. Кіріс көздерін қалыптастыру;

11. Мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балаларды есепке алуды ұйымдастыру;

12.Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарға басшылық жасау, ауылдық округ әкімі аппараты ғимаратында өрт қауіпсіздігін болдырмау, қажетті өрт қауіпсіздігі құралдарымен қамтамасыз етілуін

қадағалау.

Үміткерлерге қойылатын негізгі талаптар:

Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес немесе құқық немесе техникалық ғылымдар және технологиялар немесе гуманитарлық ғылымдар мамандықтары бойынша жоғары білім немесе ортадан кейінгі қызмет көрсету, экономика және басқару немесе құқық немесе құрылыс және коммуналдық шаруашылық немесе білім беру мамандықтары бойынша немесе орта техникалық немесе кәсіптік білім.

Жұмыс тәжірибесі талап етілмейді.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Конституциялық заңдарын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандандыруына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» стратегиясын білуі.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалды міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Мемлекеттік тілді білуі, компьютерде және интернетте жұмыс істеу қабілеті.

Конкурсқа қатысуға қажетті құжаттар:

- өкілетті орган белгілеген нысандағы өтініш;
- 3x4 үлгідегі суретпен өкілетті орган белгілеген нысанда толтырылған сауалнама;
- білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;
- еңбек кітапшасының нотариалдық куәландырылған көшірмелері;
- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда №6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;
- Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;
- құжаттарды тапсыру сәтінде өкілетті органмен белгіленген шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі).

Егер азамат еңбек қызметін жүзеге асырмаған және конкурс жарияланған бос лауазым бойынша жұмыс өтілі талап етілмейтін жағдайларда

4) тармақшасында көрсетілген құжатты ұсыну талап етілмейді. Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады. Мемлекеттік қызметшілермен тапсырылатын осы тармақтың 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды олар жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) куәландыра алады.

Азаматтар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне және беделіне қатысты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар берілуі туралы құжаттардың көшірмелері, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар және өзге де олардың кәсіби қызметін, біліктілігін сипаттайтын мәліметтер) қосымша ақпараттарды бере алады. Азаматтар жоғарыда аталған құжат тігілетін мұқабада орналастырылған құжаттарды қолма-қол тәртіпте немесе почта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде бере алады.

Азаматтар жоғарыда аталған құжаттарды хабарламада көрсетілген электрондық почта мекенжайына электронды түрде бере алады. Конкурсқа қатысу үшін жоғарыда көрсетілген құжаттарды электрондық почта арқылы берген азаматтар құжаттардың түпнұсқасын әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күн бұрын кешіктірілмей береді. Жоғарыда аталған құжаттардың түпнұсқасы берілмеген жағдайда тұлға әңгімелесуден өтуге жіберілмейді.

Құжаттар конкурс өткізу туралы хабарландыру БАҚ-та («Сыр бойы» және «Қызылорда-динские вести») соңғы жарияланған күннен бастап он жұмыс күні ішінде «Қызылорда қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, 120000, Қызылорда қаласы, Ы.Жақаев көшесі №16 үй мекен-жайы бойынша қабылданады.

Әңгімелесуге жіберілген үміткерлер конкурстық комиссия шешім қабылдаған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде әңгімелесу өткізу күні туралы конкурс комиссиясының хатшысымен хабарландырылады. Хабарландыру қатысушылардың электрондық мекен-жайларына және ұялы телефондарына ақпарат жіберу жолымен жүзеге асырылуы мүмкін.

Үміткерлермен әңгімелесу «Қызылорда қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі (Қызылорда қаласы, Ы.Жақаев көшесі, 16 үй) әңгімелесуге шақырған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өтеді.

Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушыларды қатыстыруға жол беріледі.

Конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккре-

диттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар әңгімелесу басталуына 1 жұмыс күні қалғанға дейін кешіктірмей персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) тіркеледі. Тіркелу үшін тұлғалар персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, ұйымдарға тиесілілігін растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмелерін ұсынады.

Осы Қағидалардың мемлекеттік органның басшысымен (жауапты хатшы) конкурс комиссиясының отырысына сарапшылардың қатыстырылуына жол беріледі. Сарапшы ретінде конкурс жариялаған мемлекеттік органның қызметкері болып табылмайтын, бос лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес облыстарда жұмыс тәжірибесі бар тұлғалар, сондай-ақ персоналды іріктеу және жоғарылату бойынша мамандар, басқа мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілері, Қазақстан Республикасы Парламентінің және мәслихат депутаттары қатыса алады.

«Б» корпусының бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына үміткерлер Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің Астана, Алматы, Атырау, Көкшетау, Павлодар, Тараз, Өскемен, Орал, Петропавл, Қостанай, Қызылорда, Қарағанды, Талдықорған, Ақтөбе, Ақтау және Шымкент қалаларындағы аймақтық тестілеу орталықтарында белгіленген тәртіппен өтеді.

Е-G-4 - санаты үшін тестілеу бағдарламасы: мемлекеттік тілді білуге тест (20 тапсырма); логикалық тест (10 тапсырма); Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тестке Қазақстан Республикасының Конституциясы (15 сұрақ); «Мемлекеттік қызмет туралы» (15 сұрақ); «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» (15 сұрақ); «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» (15 сұрақ); «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» (15 сұрақ); «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тест сұрақтары кіреді.

Азаматтар конкурсқа қатысу шығындарын (әңгімелесу өтетін жерге келу және қайту, тұратын жер жалдау, байланыс қызметінің барлық түрлерін пайдалану) өздерінің жеке қаражаттары есебінен жүргізеді.

«Қызылорда қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің конкурстық комиссиясы.

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;
7) құжаттарды тапсыру сәтінде уәкілетті органмен белгіленген шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі).

Егер азамат еңбек қызметін жүзеге асырмаған және конкурс жарияланған бос лауазым бойынша жұмыс өтілі талап етілмейтін жағдайларда 4) тармақшасында көрсетілген құжатты ұсыну талап етілмейді.

Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

Мемлекеттік қызметшілермен тапсырылатын осы тармақтың 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды олар жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) куәландыра алады.

Азаматтар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне және беделіне қатысты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар берілуі туралы құжаттардың көшірмелері, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар және өзге де олардың кәсіби қызметін, біліктілігін сипаттайтын мәліметтер) қосымша ақпараттарды бере алады. Азаматтар жоғарыда аталған құжат тігілетін мұқабада орналастырылған құжаттарды қолма-қол тәртіпте немесе почта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде бере алады.

Азаматтар жоғарыда аталған құжаттарды хабарламада көрсетілген электрондық почта мекен-жайына электронды түрде бере алады. Конкурса қатысу үшін жоғарыда көрсетілген құжаттарды электрондық почта арқылы берген азаматтар құжаттардың түпнұсқасын әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күн бұрын кешіктірілмей береді. Жоғарыда аталған құжаттардың түпнұсқасы берілмеген жағдайда тұлға әңгімелесуден өтуге жіберілмейді.

Құжаттар конкурс өткізу туралы хабарландыру БАҚ-та («Қызылординские вести» және «Сыр бойы») соңғы жарияланған күннен бастап он жұмыс күні ішінде «Сырдария ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, индекс: №120600, Тереңөзек кенті, Абай көшесі №31 мекен-жайында қабылданады.

Әңгімелесуге жіберілген үміткерлер конкурс комиссиясы шешім қабылдаған күннен бастап екі жұмыс күн ішінде әңгімелесу өткізу туралы конкурс комиссиясының хатшысымен хабарландырылады. Хабарландыру қатысушылардың электрондық мекен-жайларына және ұялы телефондарына ақпарат жіберу жолымен жүзеге асырылуы мүмкін.

Үміткерлермен әңгімелесу «Сырдария ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, индекс: №120600, Тереңөзек кенті, Абай көшесі №31 мекен-жайында әңгімелесуге шақырған күннен бастап бес жұмыс күн ішінде өтеді.

Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушылар қатыстырылуға жол беріледі.



Конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялық өкілдері, уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар әңгімелесу басталуына 1 жұмыс күні қалғанға дейін кешіктірмей персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) тіркеледі. Тіркелу үшін тұлғалар персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, ұйымдарға тиесілілігін растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмелерін ұсынады.

Осы Қағидалардың мемлекеттік органның басшысымен конкурс комиссиясының отырысына сарапшылардың қатыстырылуына жол беріледі. Сарапшы ретінде конкурс жариялаған мемлекеттік органның қызметкері болып табылмайтын, бос лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес облыстарда жұмыс тәжірибесі бар тұлғалар, сондай-ақ персоналды іріктеу және жоғарылату бойынша мамандар, басқа мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілері, Қазақстан Республикасы Парламентінің және мәслихат депутаттары қатыса алады.

«Б» корпусының бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына үміткерлер Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Астана, Алматы, Атырау, Көкшетау, Павлодар, Тараз, Өскемен, Орал, Петропавл, Қостанай, Қызылорда, Қарағанды, Талдықорған, Ақтөбе, Ақтау және Шымкент қалаларындағы аймақтық тестілеу орталықтарында белгіленген тәртіппен өтеді.

Е-R-4, Е-G-4 - санаттары үшін тестілеу бағдарламасы: мемлекеттік тілді білуге тест (20 тапсырма); логикалық тест (10 тапсырма); Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тестке Қазақстан Республикасының Конституциясы (15 сұрақ); «Мемлекеттік қызмет туралы» (15 сұрақ); «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» (15 сұрақ); «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» (15 сұрақ); «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» (15 сұрақ); «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тест сұрақтары кіреді.

Азаматтар конкурста қатысу шығындарын (әңгімелесу өтетін жерге келу және қайту, тұратын жер жалдау, байланыс қызметінің барлық түрлерін пайдалану) өздерінің жеке қаражаттары есебінен жүргізеді.

«Сырдария ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің конкурстық комиссиясы.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

Әбдіғаппаров Шынболат Бауыржанұлының атына Қызылорда облысы, Жалағаш ауданындағы мемлекеттік автоинспекциясынан берілген көлік жүргізу куәлігі (NR 000190) жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Қылышбай Жанна Аманкелдіқызының атына Қызылорда қаласындағы №136 Т.Жүргенов атындағы орта мектептің 9 сыныбын 21.06.2012 жылы бітіргені жөнінде берілген НОБ 0725168 куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Байназарова Гулайым Адилбековна-ның атына Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Жалаңтос батыр ауылындағы №103 орта мектепті 04.07.2000 жылы бітіргені жөнінде берілген ОБ 0414546 аттестатының қосымшасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Оразбек Нұрлан Алпысбайұлының атына Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Тереңөзек кенті, Ә.Тәжібаев көшесі №5 үйге берілген сатып алу-сату келісім-шарты (№64 10.10.1995 ж.), жер учаскесіне жеке меншік құқығын беретін актісі (кадастрлық №10-153-002-382, №0006004 10.10.1995 ж.), техпаспортының түпнұсқалары жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

КӨПШІЛІКТІҢ СҰРАУЫ БОЙЫНША БЕЛГІЛІ БАЛГЕР ЖӘНЕ КӨМЕК ҚОЛЫН СОЗУШЫ

АННА

Егер де сізді мынадай жайлар мазаласа:

- Дуа жасау, көз тию, өсек-аяңға ұшырау, адамдардың қызғанышын тудыру, көреалмаушылық;
- Қайғы-қасіретке ұшырау;
- Маскүнемдік (суретке қарап та емдейді);
- Күйзеліске ұшырау, қорқыныш, ұйқысыздық, күш-қуаттың кетуі;

- Жұбайлардың кетіп қалуы;
- Белсіздік, баласыздық;
- Жалғыздық, некесіз тұру;
- Жұмыста, бизнестегі сәтсіздіктер;
- Отбасындағы жанжал, ата-ана мен балалар арасындағы қатынастың бұзылуы;
- Жолы болмау, сәтсіздіктерден арылмау.

☒ Маған дуа жасалғанын тапқан Аннаға алғысымды білдіремін. Ол бар дуаны кетірудің әдісін жасады. Мен тазару кезінде тұмар мен тастарды пайдаландым. Осы жайлардан кейін мен бала көтердім. Біз бұл күнді төрт жыл күтіп едік.

Құрметпен, Думайбековтер отбасы.

☒ Анна осыдан екі жыл бұрын басқа әйелге кеткен менің күйеуімді қайтарды. Бұл жағдай маған ауыр соққы болды. Өйткені мен өмірімнің жақсы жылдарын күйеуіме арнағанмын, оның үстіне үш баламыз бар. Анна күйеуімнің кетіп қалуын суретке қарап оқыды, үйді қалай сақтап, тазалау керектігін үйретті. Мен оның кеңесінің бәрін орындадым. Соның арқасында қазір күйеуіммен біргемін.Қазір бақыттымын, балаларымның қасында әкесі бар. Анна сізге көп-көп рахмет.

Құрметпен, Әмина.

☒ Кәсіпкерлікпен 7 жыл айналыстым. Өткен жылы түсініксіз жағдай болды. Табыс бірден түсіп кетті. Қиындықтарға ұшырап, денсаулығым сыр бере бастады. Бір күні әйелім екеуіміз үйден бөтен әйел орамалы мен қара жиппен байланған ат кекілін тауып алдық. Аннаға бардық. Ол бірден картасын жайып, бізге дуа жасалғанын, содан табысымыздың азайып, жолымыздың болмай жүргенін айтты. Анна бізді тұмармен қорғануға үйретті. Осыдан кейін жағдайымыз жақсарып, жұмысымыз жүре бастады. Ісім оңға

басып, табысымыз молая түсті. Сол үшін де Аннаға айтар алғысымыз шексіз.

Арсен.

☒ Аннаның үйінде болып, оның кеңесін алып, оқыған тұмары мен әдістерінің арқасында күйеуім өзге әйелдің соңынан ермейтін болды. Қазір салмақты, маған және балаларына көп көңіл бөледі. Сондықтан да Аннаға шынайы ризашылығымды білдіргім келеді.

Диана.

☒ Маскүнемдікке салынғаннан кейін мен барымнан айырылдым. Ес жиғанда бәрі де кеш болды. Ішуді өздігімнен қоя алмадым. Мені Анна құтқарды. Ол маған құпия жоралар жасап, онан кейін өзімді қалай ұстау керектігімді айтып тұмар оқып берді. Содан бері ішімдікке еш зауқым жоқ, ол туралы ойламайтын болдым. Маған көмек қолын созған Аннаға алғысым шексіз.

Мирас.

☒ Бізге көршілер, туыстар, достар өмір бойы қызыға да қызғанышпен қарайтын. Мені күйеуім жақсы көріп, балаларына жақсы қарады. Үйде тәртіп қалыпта-сып, керектің бәрі бар-тын. Бір күні көршіммен ұрысқан-нан кейін бізді бір қырсық айналдырды. Күйеуіміз екеуіміз ауырдық, шаруашылығымыз шығынға батты. Аулада баламызды соққыға жыққаннан кейін қорқы-ныштан кекештеніп қалды. Жәй әзілдегеннен қорқатын



Ассоциация народных целителей Казахстана (сертификат №096-К от 19.03.15)

болды. Біз Аннаның қабылдауында болып, бар жайсыздықтар дуаның әсерінен болып жатқанын білдік. Ол бар тәсілдерді жасап, көз тию мен жасалған дуадан тазартты. Оқып берген көзмоншағы мен тұмарын кіреберіс босағаға іліп қойдық. Содан кейін отбасымызда бәрі жақсара бастады. Балам кекештенуі мен қорқуын қойды. Аннаның берген тұмарын жанынан тастамайды.

Фатима.

Анна Сіздерді қыркүйектің 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13 күндері сағат 10.00-ден 14.00-ге дейін мына мекен-жайда күтеді: Қызылорда қаласы, Абай даңғылы 30 (офиске Есенов көшесімен кіреді, Анна деген жазу ілулі тұрады, Болашақ аялдамасы).



ҚҰТТЫҚТАУ



ҚҰРМЕТТІ ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚТАР! ҚҰРМЕТТІ МҰНАЙШЫЛАР!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – ҚР мұнай-газ өнеркәсібі күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Мұнай-газ ісіне айбынды еңбегімен аянбай тер төккен, Сыр өңірі мен бүкіл Қазақстан Республикасының өркендеп дамуына жоғары кәсіби біліктілігі арқасында зор үлес қосып жүрген әрбір мұнайшыға алғысымыз шексіз дегіміз келеді. Сіздердің еңбексүйгіштіктеріңіз, шеберліктеріңіз, қызметіңізге деген жауапкершіліктеріңіз бен адалдықтарыңыз үлкен абырой мен құрметке



лайық.

Сіздерге кәсіби жетістіктер мен жаңа бастамалар тілейміз, қойған мақсаттарыңызға жету жолында денсаулық, қуи-жігерлеріңіз мықты болғай! Отбасыларыңызда баянды бақыт, ырыс пен береке мол болсын! Әрбір істеріңізге сәттілік тілейміз! Төл мереке құтты болсын, мұнайшылар!

«ҚазГерМұнай» БК» ЖШС бас директоры
Бас директордың бірінші орынбасары

Жэнь Лисинь,
Кәрім Медет Сапиұлы.



2015 жылғы 3 қыркүйектегі мүлкті жария етуге байланысты есептілік қорытындысы

Аудан	Келіп түскен өтініштер саны	Орны
Қызылорда қаласы	340	1
Жанакорған ауданы	80	2
Қармақшы ауданы	73	3
Қазалы ауданы	70	4
Шиелі ауданы	50	5
Жалағаш ауданы	37	6
Арал қаласы	20	7
Сырдария ауданы	15	8
Арал ауданы	10	9
Қазалы қаласы	7	10

ХАБАРЛАНДЫРУ

ҚҰРМЕТТІ ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫ МЕН ҚОНАҚТАРЫ!

Үстіміздегі жылдың тамыз-қараша айлары аралығындағы жәрмеңкелердің бекітілген кестесіне сәйкес, Қызылорда қаласында 2015 жылғы 6 қыркүйек күні Жалағаш, Қармақшы, Қазалы және Арал аудандарының қатысуымен өткізілетін жәрмеңкелерді төмендегі көрсетілген орындарында ұйымдастыру белгіленді.

1. Жалағаш ауданы – Жұрба көшесінің бойы (Ақмешіт көшесінің қиылысынан, Саламатов көшесінің қиылысына дейінгі аралық) Арка – «Анварь» сауда үйінің алдына қойылады;
2. Қармақшы ауданы – Жібек жолы көшесінің бойы (Н.Ергешбаев көшесінің қиылысы, Облыстық кірістер департаментінің маңы) Арка – Облыстық кірістер департаменті жағында қойылады;
3. Қазалы ауданы – Әйтеке би көшесінің бойы (Қазбек би көшесінің қиылысынан Д.Қонаев көшесінің қиылысына дейінгі аралық) Арка – Қазбек би көшесінің қиылысына қойылады;
4. Арал ауданы – С.Торайғыров көшесінің бойы (Қорқыт ата көшесінің бойынан «Шұғыла-1» балабақшасына дейінгі аралық) Арка – Қорқыт ата көшесінің қиылысы маңына қойылады.

Жәрмеңкелер өткізілетін орындар қажетті ауызсумен, биотуалеттермен, электр қуатымен қамтамасыз етіліп және тазалық жұмыстары жүргізілетінін хабарлаймыз.

ҚАЛА ӘКІМДІГІ.

Арақты таста! Жаңа өмір баста!



«АлкАтекАктив»

Заманауи жоба! Алкогольге тәуелділікке қарсы әсер ететін химиялық емес аса қуатты формула! Алкогольге құштарлықтың әлсіреуі, алкогольден толықтай арылу! Заманауи жоба! Алкогольге тәуелділікке қарсы әсер ететін химиялық емес аса қуатты формула! Алкогольге құштарлықтың әлсіреуі, алкогольден толықтай арылу!

Сәйкестік сертификаты РОСС RU.AE-96H06507 от 12.12.2013

«АлкАтекАктив» – бұл:

- алкогольге тәуелділіктен арылтатын табиғи кешен;
- алкогольге құмарлықты өзгертетін табиғи құрам;
- жүрек-қан тамырлары, жүйке, ас қорыту жүйелері мен бауырдың ферменттік жүйесіне табиғи әсер ету формуласы.

ААА жылдар бойы қолданылу тәжірибесінен өткен. Оның құрамына кіретін табиғи компоненттер бауырдың алкогольді өңдеуге жауапты ферменттеріне, бауырдың ғана емес, ұйқы безінің де атқарымдық күйіне белсенді әсер етеді. Ол сондай-ақ алкогольдік синдромның алдын алады, ішкіш адамның психикалық және эмоциялық күйлерін қалпына келтіреді. Ал тәжірибе жүзінде анықталған ең бастысы, ол ас қорыту деңгейінде алкогольге деген жііркенішті туындатады.

Қазіргі кезде маскүнемдікпен өмір сүріп азапқа түсіп жүрген жандарға қажет нәрсе.

Оның құрамындағы ААА@ – алкогольге құмарлықты және алкогольден улану кезіндегі жайсыз әсерлерді өзгертетін патенттелген өсімдіктекті кешен бар.

ААА@ – тау өсімдіктерінің табиғи қуаты мен емшіліктің ғасырлық тәжірибелерін және алкогольге тәуелділік кезіндегі өмінің тибеттік әсер ету тәсілдерін біріктірген табиғи таза құрылым.

- Осы күнге дейін мен бұл өмірде ең бақытсыз жан болып келдім. Бұған дейін жақсы қызметте жұмыс істедім, балаларым бар, елден кем емес өмір сүрдік.

Бірақ күйеуімнің ішкеніне 40 жыл болды, арақтың кесірінен жанұямыздың берекесі қашып, тынышсыз кетті. Сондай қиын күндері өмірге келгеніме өкінетінімін. Өйткенімен ұл-қызым үшін бәріне шыдап жүрдім. Өкініштісі сол, ұлым есейген соң әкесінің жолын қуып, ол да араққа құмар болып шықты. Бұл енді мен үшін өте үлкен қайғы болды.

Көрген, естіген барлық амал-тәсілдерді қолдансам да балама арақты тастата алмадым. Осылай күдерім үзіле бастаған кезде қолыма жарнама түсті. Онда «ААА» сұйық табиғи өнімі туралы жазылыпты. Ақырғы амал деп оны пайдаландық, өйткені жас баламның денсаулығы мен болашағын ойладым. Оның өз еркімен емделмейтінін білгендіктен мен ААА-ны оның тамағына күнделікті жасырын түрде қосып беріп жүрдім. Екі ай шама-сында балам ішкенін доғарды. Отбасына ора-

лып, жұмысына белсене кірісті. Сөйтіп сөне бастаған үмітім қайта жанды.

Менің бір таңқалғаным, балам ішуін қойғанымен қатар денсаулығын да түзеп келе жатқандай. Өйткені оның тамаққа тәбеті ашылып, аздап салмақ қосты, реңі кіріп қалды. Осының бәрі «ААА» сұйық табиғи өнімінің арқасында. Менің бұл өнімге сенімім мол, енді оны күйеуіме де берсем деп жүрмін.

Айтқұл,
Семей қаласы.

- Менің отбасылық жағдайым күні кешеге дейін өте қиын болды. Өйткені күйеуім күнде ішіп алатын. Арақ тұрған жерде береке болушы ма еді? Күнде айқай, ұрыс пен жанжал, кейде өз үйіме өзім сыймай қиналатын кездерім көп болғанын жасырмаймын. Ал ақылын алкоголь жеңген күйеуім біздің жанұямызға бататын ауыр сөздер айтып, қол көтеретін. Балаларға да қол жұмсағанда араша түсе алмағанымна қиналып, өзімді кінәлі сезінуші едім.

Отбасылық береке мен үйдегі тыныштықты аңсап, арақтан құтқаратын амал іздеп жүргенімде бірнеше рет «АлкАтекАктив» жайлы жақсы пікір естідім. Сосын оның көрме-сатылымына қатысып көруге бел будым.

Бұл жерге менімен тағдырлас адамдар көп жиналыпты. Сонда мен бақыты үшін күресіп жүрген жалғыз өзім емес екенімді ұқтым.

Ал 6 қорап «АлкАтекАктив» алып, оны күйеуіме 2 ай бойы күніне 3 реттен ішкізгеннен кейін керемет нәтиже көре бастадым: күйеуім арақ ішуін азайтты. Бұрынғыдай түн ішінде бас жазатын дос іздеп кетпейді, дүкеннен қарыз сұрап ұялтпайды. Балаларға да мейіріммен қарайтын болды. Отбасымызға береке кірейін деді. Енді «АлкАтекАктивті» тағы бір ем курсын қабылдасам па деп отырмыз. Ал біз сияқты отбасында берекесі қашқан адамдарға айтарым, арақтан құтқаратын амал бар, сол үшін қамықпаныңдар, ойланбай «АлкАтекАктивті» алыңыздар!

Гүлзат,
Тараз қаласы.

БАҒАСЫ – 2500 ТЕҢГЕ), ЕМДЕУ КУРСЫ – 6 ҚОРАПША

АлкАтекАктивтің, «Алтай шипагері» балзамының, «Тас майы+7»-нің айрықша қасиеттері туралы сіз мына күндері өткізілетін сатылым кезінде біле аласыз:

Қызылорда қаласында 16-қыркүйекте сағат 10.00-ден 11.00-ге дейін №3 гимназия, Жанқожа батыр көшесі, №5

Байланыс телефондары: 8-701-677-42-42, 8-777-114-13-20

АЛҒЫС БІЛДІРЕМІН

Жақында Арал ауданына Қызылорда облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Жылқышиева Жазира Жақсылыққызы іссапармен келгенде Қызылорда облыстық «Талсуат» оңалту орталығына емделу мәселесімен жеке қабылдауында болып, өтінішімді білдірдім. Науқас балам Назаров Саматтың денсаулығы туралы құжаттарын қарап, оңалту орталығы қызметкерлерімен телефон арқылы ақылдасып, оң шешім қабылдады. Қазір балам осы оңалту орталығында ем қабылдауда.

Отбасымыздың атынан баскарма басшысы Жазира Жақсылыққызы мен орталық қызметкерлеріне аналық алғысымды білдіргім келеді. Отбастарына амандық, дендеріне саулық, қызметте табысты болуларына тілектеспін.

Лидя НАЗАРОВА.

Арал ауданы.

Қаперіңізде жүрсін!

ОБЛЫСТЫҚ АҚЫНДАР МҮШӘЙРАСЫ ӨТКІЗІЛЕДІ

Үстіміздегі жылғы 25 қыркүйекте Арал қаласында Шекті Өріс баласы Айдарбек батырдың рухын ұлықтау, жас ұрпақты елжандылыққа, бірлікке баулу мақсатында «Айдарбек баба» қоғамдық қоры Арал аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі мемлекеттік мекемесімен бірлесе отырып «Жыр арқауы – Айдарбек батыр» атты облыстық жазба ақындар мүшәйрасын өткізеді. Қатысушы талапкерлердің жас мөлшеріне шек қойылмайды. Басты мақсат – Шекті Айдарбек батырдың және Татыран, Алтынбай, Күлік, Ардана атты ержүрек төрт баласының ерлігін, ерен тұлғаларын айшықты поэзия тілімен жеткізу. Талапкер батыр бабаға арнаған өлеңімен бірге еркін тақырыпта бір өлеңін ұсынуы шарт. Қатысушылар алдын ала көрсетілген мекен-жайға мүшәйра шартына сәйкес жоғарыдағы 2 өлеңімен бірге мекен-жайларын, байланыс телефондарын көрсетіп, қоса салып жібергендері жөн. Іріктеуден ғана өткен үміткерлер мүшәйраға шақырту алатынын ескертеміз. Бас бәйге, I орын (біреу), II орын (екеу), III орын (үшеу), арнаулы сыйлықтар мен ынталандыру сыйлықтары жүлдегер ақындарға салтанатты түрде табыс етіледі.

Біздің мекен-жайымыз: Арал қаласы, Қарасақал Ерімбет көшесі, 66 үй. «Толқын» газетінің редакциясы, тел.: 872433 2-11-91, 8 775 254 75 83. Электрондық пошта: tolkyn_gazeta@mail.ru

Қызылорда облысының әкімдігі мен мәслихаты, «Нұр Отан» партиясының облыстық филиалы облыстық мәслихат депутаты Ысқақ Құлпыбай Ысқақұлына інісі

Өтегенов Ғани Ысқақұлының

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Облыстық туберкулезге қарсы диспансерінің ұжымы Қазалы аудандық туберкулезге қарсы диспансерінің бас дәрігері Ысқаков Құлпыбай Ысқақұлына інісі

Ғанидың

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресурсиз» акционерлік қоғамының әкімшілігі мен кәсіподақ комитеті Құмкөл кенішіндегі материалдық ресурстарды басқару бөлімінің материалдарды бақылау жөніндегі маманы

Шерхан Тапаловтың

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл қосын білдіреді.

Меншік иесі:

Сыр медиа

жауапкершілігі шектеулі серіктестірі

БАС ДИРЕКТОР

Аманжол ОҒАРБАЕВ

қабылдау бөлмесі
тел/факс 70-00-36



Қызылорда облыстық газетінің редакциясы

БАС РЕДАКТОР

Жұматәли ӘБДІРАМАН

қабылдау бөлмесі 40-02-17

Бас редактордың
орынбасары 70-00-43
Жауапты хатшы 70-00-81

бөлімдер:

руханият және ақпарат - 70-00-64, 70-00-73
экономика - 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат - 70-00-41
жарнама - 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап - 70-00-39, 70-00-38
заңгер - 70-00-42
компьютер орталығы - 70-00-34
корректор бөлімі

меншікті тілшілер:

Арал, Қазалы:
Жұмабек Табынбаев - 8724 38 2-34-07

Шиелі, Жаңақорған:
Нұрмхан Елтай - 8724 32 4-59-51

e-mail: syrboyi@mail.ru
site: www.syrboyi.kz

Газет аптасына 3 рет, сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.

Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

"Сыр бойы" облыстық газеті
ҚР СТ ИСО 9001-2009

"Сапа менеджменті жүйесі" талаптарына сәйкес сертифициқталған.

Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялығдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. **АҚ-ақыл қызмет.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, "Сыр медиа" ЖШС өз баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4

Газеттің таралымына "Қазпошта" - 23-54-51, "Евразия-Пресс" - 27-62-84 жауапты.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4

Таралымы 24822

Тапсырыс № 901

Электрондық оқылым – 28 000